

Алматы –
тәуелсіздігіміздің
алтын бесігі,
мемлекеттігіміздің
алтын діңгегі!

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



АЛМАТЫ АЛДА
КЕЛЕДІ

3

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



ТОЙҒА
ТОСҚАУЫЛ

9

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 17 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
922 556

II компонентпен
821 717

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.09.2021

Түнде:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр жауады.

Желдің жылдамдығы:
7-12 таңертең және
күндіз екпіні 15 м/с

19.09.2021

Түнде:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

Күндіз:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

ШЫҰ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨМЕК

Ауғанстанға халықаралық көмек жеткізу үшін Алматыда
ШЫҰ-ның гуманитарлық хабы ұйымдастырылады

Душанбеде өткен
ШЫҰ-ға мүше
мемлекеттер басшылары
кеңесінде Қазақстан
Президенті Қасым-Жомарт
Тоқаев осындай ұсыныс
жасады.

«Қазақстан Ауғанстан
болашағын өз-өзімен және
өзінің көршілермен бейбіт
өмір сүретін нағыз тәуелсіз
әрі біртұтас мемлекет ре-
тінде көреді. Осынау тағ-
дыршең тарихи сәтте
Ауғанстанның көпұлтты
халқы теңдессіз қиындық-
тармен бетпе-бет жалғыз
қалмауға тиіс. ШЫҰ үлкен
ықпалының арқасында бұл
елдің бейбітшілік пен келі-
сімге қол жеткізуінде бел-
сенді рөл атқаруға тиіс деп
санаймын. Ұжымдық күш-
жігермен ғана қазіргі сын-
тегеуріндермен күресте
өңірлік қауіпсіздікті қам-
тамасыз ете аламыз», – деді
Президент.



2

ЕРТЕҢ – ҚАЛА КҮНІ

БІЗДІҢ МЕГАПОЛИС

Оңтүстік астананың елдіктен еншілер мәртебелі
орны да, тарихи-тағдырлы жолы да ерек



Ертең – Алматы қаласы үшін мерейлі күн! Жыл сайын қыркүйек айының үшінші жексенбісінде алматылықтар дәстүрлі түрде Қала күнін мерекелейді. Өкінішке қарай, өткен жылдан бері әлемді жайлаған коронавирус инфекциясының салдарынан шаһарда санитарлық-эпидемиологиялық шаралар күшейтілгендіктен бұл мереке биыл да қалыпты деңгейде өтпейтіні белгілі болды. Эпидемиологиялық тұрақсыздығына орай және оңтүстік астананың әлі де «қызыл аймақта» екені ескеріле отырып, қала әкімдігі тарапынан мерекеге арналған барлық мәдени іс-шараларды онлайн-режимде өткізуге шешім қабылданды. Офлайн форматта өтетін барлық мәдени, ойын-сауық және бұқаралық көңіл көтеретін іс-шаралар тоқтатылды. Бұл – ең алдымен, қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі үшін жасалған дұрыс қадам. Қауіпті дертті жұқтыруға жол берілмеуге тиіс.

Қазақ үшін ұлттың рухани-мәдени астанасына, мемлекеттің қаржы орталығына айналған сұлу да көркем, шырайлы шаһар қандай құрмет-қошеметке де лайық. Оның елдіктің еншісінен алар мәртебелі орны да, тарихи жолы да, тағдырлы жөні де бөлек.

(Жалғасы 4-бетте).

ҚЫСҚА...

- Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында қазақстандық шахматшылар әлемдегі ең үздік 8 команданың құрамына кірді.
- Статистика бойынша елімізде ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында жұмысшыларға сұраныс жоғары.
- Елімізде жұмыссыз ретінде жәрдемақы алатындар, негізінен, 30–44 жас аралығындағы әйелдер екені анықталған.
- Ел аумағында коронавирус жұқтырған балалардың саны 5 есе көбейген.
- Мегаполисте белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдар үшін 230 төсек-орынды «Пана» әлеуметтік бейімдеу орталығы ашылды.
- Қаладағы Жароков пен Тимирязев көшелері қиылысының оңтүстік бөлігі 20 қыркүйекте таңғы сағат алтыға дейін ішінара жабылады.

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ШЫҰ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨМЕК

Ауғанстанға халықаралық көмек жеткізу үшін Алматыда ШЫҰ-ның гуманитарлық хабы ұйымдастырылады

Әсел
ДАҒЖАН

Мемлекет басшысы Қазақстан өз тарапынан Ауғанстаннан бақылаусыз көші-қонның орын алуының, деструктивті идеологияның, есірткінің таралуының жолын кесу үшін өңірлік серіктестерімен өзара іс-қимылды күшейтетінін баса айтты.

«Сонымен қатар, Ауғанстан тап болған өзекті гуманитарлық және экономикалық проблемаларды шешу үшін жан-жақты көмек көрсетуге дайынбыз. Қазақстанның қолданыстағы инфрақұрылымдары мен

Соңы. Басы 1-бетте.

логистикалық мүмкіншіліктерін ескере отырып, Ауғанстанға халықаралық көмек жеткізу үшін Алматыда ШЫҰ-ның гуманитарлық хабын ұйымдастыруды ұсынамыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кенес алдында Душанбе қаласында өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында мемлекеттер басшылары Ауғанстандағы ахуалға, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты пікірлерін ортаға салды. Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан босқындарын және елдеріміздің аумағында шет елдің әскери базасын орналастырудың тиімсіздігі туралы ортақ ұстанымды қолдады. Сонымен қатар, гуманитарлық көмек пен ауған халқына халықаралық қолдау көрсетудің маңыздылығы

ескеріліп, БҰҰ-ның Ауғанстандағы Миссиясының қызметкерлері Алматы қаласында уақытша орналастырылғанын айтты. Қазақстан халықаралық үш келісімнің қабылдануын құптады. Атап айтқанда, юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері, ҰҚШҰ әскерлерін материалдық-техникалық қолдау және медициналық тұрғыдан қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ Бітімгерлік қызмет туралы келісім Хаттамасы.

Саммит қорытындысы бойынша ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдады. Қазақстан Президентінің айтуынша, бұл жұмысымыздың маңызды бағдары және әлемдік қоғамдастыққа берілген айқын белгі.

ҮКІМЕТ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шаһар инфрақұрылымымен танысты

ҚР Премьер-Министрі А.Мамин Алматының селден қорғау, энергетикалық, әлеуметтік, тұрғын үй және туристік инфрақұрылымының дамуын тексерді.

Үкімет басшысы «Аюсай» және «Ақсай» сел ұстайтын бөгеттерінің, «Қарғалы» су тарту құрылысының салыну барысымен, сондай-ақ Ақсай, Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндеріндегі мореналық көлдердің жай-күйімен танысты. Сел бөгейтін «Аюсай» және «Ақсай» бөгеттерін салу Іле Алатауы ұлттық табиғи паркінің бір бөлігін, Алматы ГЭС каскадының объектілерін, Алматы қаласының автожолын — «Алма Арасан» санаторийін, Алматы қаласының Наурызбай ауданын сел тасқынынан инженерлік қорғауды қамтамасыз етеді.

А.Мамин бөгеттердің құрылысын белгіленген мерзімде — «Аюсай» бөгетінің құрылысын 2022 жылғы қазан айында, «Ақсай» бөгетінің құрылысын 2023 жылы аяқтауды тапсырды.

Алматыдағы 2-ЖЭО-ны аралау кезінде «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадом Сәтқалиев Премьер-Министрге мегаполисте ірі жылу электр станциясын, сондай-ақ Алматы энергия кешенінің басқа да нысандарын жаңғырту жобаларының іске асырылу барысы туралы баяндады.

Аталған жобаларды іске асыру атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын жылына 50,4 мыңнан 6,7 мың тоннаға дейін төмендету арқылы қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға, сондай-ақ станциялардың жиынтық қуатын 472 МВт-қа — 1300 МВт-қа дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының индустриялық аймағында Премьер-Министр «Бижан ет өңдеу зауыты» ЖШС-да болды. Шұжық өнімдерін толық өндіру циклін қамтыған кәсіпорын тәулігіне 5,5 тонна өнім шығарады.

Үкімет басшысы, сондай-ақ, «КСМ ТехноВИД» ЖШС энергия тиімді сәулет қасбеттерін шығаратын зауыттың жұмысымен танысты. Кәсіпорынның қуаты жылына 475 мың шаршы метр энергия үнемдейтін ПВХ және алюминий профильді конструкцияларды құрайды. Зауыт үшін заманауи автоматтандырылған жабдық «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингтік қаржыландыру шеңберінде сатып алынды.

Премьер-Министрге «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортын, «Аюсай» және «Горельник» визит-орталықтарын аралау барысында Алматы қаласында туризмді дамыту және тауларда туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы баяндалды.

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Іс-шаралар онлайн өтеді

Рая
ЕСКЕНДІР

Жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде мерекеленетін Қала күні биыл онлайн форматта өтетін болды. Бұл туралы қала басшысының орынбасары Е.Бабақұмаров арнайы кеңесте мәлімдеп, барлық іс-шаралардың онлайн форматқа көшірілгенін жеткізді.

Сонымен, Қала күнін мерекелеу онлайн форматта әрі барлық санитарлық талаптарға сай өтетін болды. Осыған орай, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың дамуына байланысты офлайн және онлайн-шаралар, яғни екі нұсқа ұсынылды. Жиын кезінде қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, мегаполистің бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин соңғы тәуліктерде коронавирус инфекциясына қатысты оң ПТР сараптамасы бар 704 науқас анықталып, жұқтырудың 0,49%-ға өскенін айтты. Дәл қазір симптомды науқастардың үлесі күрт артып, 96%-ға жетті. Яғни пандемия динамикасы тұрақсыз. Коронавирус инфекциясының таралуын алдын алу үшін сани-

тарлық-эпидемиологиялық шараларды күшейту қажет.

Жиында қаламыздағы кәсіпкерлік субъектілері арасында эпидемиологиялық қауіпсіздіктің белгіленген талаптарын бұзу жағдайлары жиі орын алғаны сөз болды. Мәселен, 9–12 қыркүйек аралығында заңды тұлғалардың карантиндік шараларды бұзғаны жөнінде 34 факті анықталды. Егер бұқаралық іс-шаралар өтетін болса, жұқтыру қаупінің бұдан да көп артатыны айтылды. Жиын соңында қала әкімінің орынбасары эпидемиологиялық ахуалдың тұрақсыз, Алматы қаласының әлі де «қызыл аймақта» екенін ескеріп, барлық мәдени іс-шараларды онлайн-режимде өткізуге шешім қабылданғанын айтты. Сонымен қатар, офлайн форматта өтетін барлық мәдени, ойын-сауық және бұқаралық көңіл көтеретін іс-шаралар тоқтатылды. Жалпы, мегаполисте Қала күнін мерекелеу аясында бірқатар нысандар ашық болады. Қаладағы скверлер мен саябақтар, балабақшалар, мектептер жанындағы жаңа корпусстар жұмысы жалғаса береді. Мереке аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға пәтер кілттері тапсырылады. Осы күні вакцина алған қалалықтар карантиндік шектеулерді қатаң сақтап, іс-шараларға қатыса алады. Ең бастысы,



Осы жылдың 7 айында мегаполистің туризм саласына салынған инвестициялар 56,8 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 2,4 есе көп. Қаланың туристік инфрақұрылымын дамыту бойынша жобалар — қонақүйлер, глэмпингтік және кемпингтік аймақтар, тауларда визит-орталықтар салу, тау жолдарын абаттандыру және т.б. іске асырылуда.

Үкімет басшысы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ киностудиясын қайта құру жобасымен, сондай-ақ, Алматы қаласындағы 350 төсек-орынды стационары бар ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық жұқпалы аурулар ғылыми орталығының, «Жас қанат» шағынауданындағы жалпы ауданы 233 мың шаршы метр болатын көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты.

Қызметтік сапарға мегаполис әкімі Бақытжан Сағынтаев, Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов, Энергетика министрі Мағұм Мырзағалиев, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Мәдениет және спорт вице-министрі Ғабдолла Әбдірахымов және т.б. қатысты.

мереке кезінде мегаполис тұрғындары мен қонақтары қауіпті дертті жұқтырмауы тиіс. Сондықтан мониторингтік топтар Полиция департаментімен бірлесе отырып, ағымдағы жылдың 19 қыркүйегінен бастап белгіленген шектеулерді бақылау шараларын күшейтеді. Сонымен қатар, аудандық әкімшіліктер еріктілер ұйымдарын тарта отырып, адамдар көп жиналатын жерлерде санитарлық посттар мен патрульдердің жұмыстарын жандандыруы тиіс. Бұл күндері Қалалық қоғамдық денсаулық басқармасы вакцина салуды жалғастырады. Яғни жылжымалы егу пункттері жұмыс істейді.

Алматы қаласының әкімшілігі COVID-19-ға қарсы вакцина алуға және профилактикалық шараларды сақтауға шақырады. Бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты сақтауды есте ұстаған жөн. Өткен тәулікте бірінші компонентпен 3033 адам, екінші компонентпен 3448 адам егілді. Барлық кезең ішінде 919 907 адамға I компонент, 807 786 адамға II компонент салынды. Алайда, вакцина алғандар саны екі миллиондық мегаполисте ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін жеткіліксіз. Ағымдағы жылдың 16 қыркүйегіндегі халықтың иммундық қабаты халықтың ресми санының 48%-ын құрады. Мамандар алматылықтарды вакцина алуға шақырады. Ол үшін медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет және спорт нысандарында, базарларда және қаланың СОСО ғимараттарында 160 егу пункті жұмыс істеп тұр.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда

300 мыңнан астам адам санақтан онлайн өтті.



Биыл мегаполисте «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша

512,9 млн. теңге бөлінген.



Әлеуметтік аз қамтылған алматылықтарды қолдауға ағымдағы жылы

30 млрд. теңгеден астам қаражат қарастырылған.




Мегаполистің туризм саласына салынған инвестициялар I жартыжылдықта

56 млрд. теңгені құрады.



«Жаңа Алматы» бағдарламасы аясында оңтүстік астананың 24 ықшамауданында

140 шақырым су құбырлары салынууда.



Жыл басынан бері қалада

12,5 шақырым кәріз желілерін тарту жұмыстары жүргізілді.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Аслан ӘЛІМБЕК,
«Отан-Строй» ЖШС директоры:



– Тәуелсіздіктің 30 жылында көп нәрсе жасалды. Менің замандастарым – әртүрлі салаларда өзін-өзі көрсете алған жастар. Қазір қазақстандық стартаптар, суретшілер мен спортшылар бүкіл әлемге танымал. Бұл, ең алдымен, бейбіт тұрмыс пен жастарға берілген барлық мүмкіндіктердің арқасында екені анық. Бұл жағдайда әрқайсымыздың Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың ел дамуы мен қалыптасуына қосқан орасан зор үлесін және жастарды жан-жақты қолдау шеңберіндегі тиімді саясатын атап өту қажет. Елбасымыздың арқасында жастарымызға «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің мықты университеттерінде білім алу мүмкіндігі туды. Сондай-ақ, елден кетпей-ақ лайықты білім алғысы келетіндердің ең жаңа және инновациялық Назарбаев Университетінде оқуға жағдайы бар. Бұл оқу орны IT-жобалар мен ірі компанияларға өз ықпалын тигізіп, ғылыми жаңалықтар ашады, мәдениетте, спортта және бизнеске жетістіктерге жол ашады. Оның түлектері алған білімінің жоғары сапасын көрсетіп, өмірдің барлық салаларында инновациялық және креативті шешімдерді жүзеге асырады.

Ольга КОЛЕСНИКОВА:
«Nur Otan» партиясының мүшесі:



– Мен – Айшамын, бірақ құжат бойынша есімім – Ольга. Атымның Айша болып ауысуының да өз себептері бар. Тағдырдың жазуымен ата-анамнан ерте айырылып, қазақ отбасында өсіп-жетілдім, сол жылдары араб тілін меңгеріп, көп ұзамай Ислам дінін қабылдап, атымды ауыстырған болатынмын. Өмірдің түрлі сынақтарынан өте келе, Алланың арқасында қазіргі жағдайға жетіп отырмын. Өмір қызығымен қатар сынақтардан да тұрады, сол сынақтардан мойымай, ізденіп, еңбек етіп, көптеген жетістіктерге жеттім. Алайда, бұл жетістіктің барлығы – маған сенім артып, әрдайым қолдау көрсетіп келген халқымның және жақындарымның арқасы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» демекші, саған сеніп, сенім артатын адамдардың болғаны өте маңызды. Қолдаушың халық болса, жігерленіп, одан ары қызмет етіп, өсе бересің. Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген жетістіктерге, сый-құрметке ие болдым. Соның ішіндегі жүрекке жылысы әрі мен үшін орны бөлек болып саналатын марапат, ол – «Халық алғысы» медалі. Халқымның көңілінен шығу – мен үшін үлкен мәртебе әрі мақтаныш.

Ақтолық ГАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ӘЛЕУМЕТ

САНДЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯ атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тегін

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің цифрлық эфирлік телевизияға кезең-кезеңімен көшу жөніндегі бұйрығына сәйкес, 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап Алматы қаласында цифрлық эфирлік телевизияға көшу жүзеге асырылды.

Сандық теледидар жоғары сапалы кескін мен дыбысты алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телеарналар мен бағдарламалардың үлкен тандауын ұсынады. Ескі үлгідегі Сигнал сыртқы әсерлерге өте осал. Мысалы, ауа райының қолайсыздығына байланысты және қатты желде жоғалып кетуі мүмкін. Сандық хабар тарату жоғары қорғаныс деңгейіне және сигнал сапасына ие, ол ұзақ қашықтықта қабылданады. Енді аналогтік хабар тарату принципі бойынша жұмыс істейді: бір таратқыш – бір арна. Сандық бір таратқышта көптеген арнаны таратуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңына

сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен (ҚР Үкіметінің 8.11.2016 жылғы №677 қаулысы) қамтамасыз ету қағидалары бекітілді. Оған сәйкес АӘК алушылар өтеусіз негізде телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етіледі, яғни жеткізіліп, орнатып беріледі.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін Алматы қаласында АӘК алушы 451 отбасы осындай тегін жалғамалармен қамтамасыз етілді. Ал биыл, яғни 2021 жылға АӘК алушыларды 318 жалғамамен қамтамасыз ету жоспарланған.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы жеке тұлғалар осындай тегін мүмкіндікке ие болу үшін тұрғылықты тұратын жері бойынша Алматы қаласы Әлеуметтік ал-ауқат басқармасының аудандық бөлімдеріне өтініш беріп, оның АӘК алушы екендігі туралы анықтамасын қоса ұсынуы қажет.

Нұр ЖАМАЛ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021

АЛМАТЫ АЛДА КЕЛЕДІ



Әсел
ДАҒЖАН

Қалалық мәслихат депутаты халық санағының маңыздылығы мен қажеттілігі жайлы айтты.

Алматы қаласы республика бойынша онлайн-санақтан көшбасшы болып алда тұр. Қалалық мәслихат депутаты Алтынай Көбееваның айтуынша, халық санағы мемлекет үшін де, ел үшін де өте қажет.

«Мемлекет үшін халық санағы халықтың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу үшін ақпаратты мүмкіндігінше ескеру, шығыс бюджетті жоспарлау және ең бастысы – экономиканы дамыту. Қазақстандықтардың өздері үшін бұл – елдегі экономикалық жағдайды түсіну. Санаққа қатысудың арқасында болашағы зор әлеуметтік бағдарламалардың дамуына үлес қосуға болады», – деді А.Көбеева.

Депутат «халықтың статистикалық бақылау жүйесі үздіксіз жүруі керек» деп есептейді. Бұл – өркениетті мемлекет белгілерінің бірі. Сондықтан нәтижені қорытындылау үшін ЖСН бойын-

ша адамдардың санын бекіту жеткілікті деген пікір қате.

«Халық санағында сауалнамаға қатысып отырып, мен ешқандай мәліметтер базасында көрсетілмеген сұрақтарды көрдім. Мысалы, сауалнамада олар денсаулық жағдайы туралы сұрайды, мысалы, көру, есту, жаяу жүру, есте сақтау қабілеті не концентрацияда қиындықтар бар ма екендігі көрсетіледі. Оның үстіне, мәселе мүгедектіктің болуы туралы емес, қиындықтар туралы. Алынған ақпарат сәулетшілерге жоспарлау кезінде тұрғындардың қозғалысы шектеулі тобының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Олар сонымен қатар, пандемияның кіріс деңгейіне әсері туралы сұрайды. Бұл ақпарат эпидемияға қатысты жағдай туралы пікір алуға мүмкіндік береді. Бұл қажеттілікті талдау мен бағалаудың бір түрі», – деп атап өтті А.Көбеева.

Депутаттың айтуынша, санақтың тағы бір маңызды мәні – мемлекеттік қызметтерді жоспарлауға бюджетті түзетуге көмектесу.

«Алматы қаласында тіркелген және өмір сүретін адамдардың саны үлкен айырмашылыққа ие. Демек, қалада тұ-

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ӘЛЕМДІ ШАРЛАҒАН ЖИҢАНКЕЗ

Алматы мен Ренн қалалары бауырластығының 30 жылдығына арналған велошеру аяқталды



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Биыл Алматы қаласы мен Францияның Бретань аймағының астанасы Ренн қаласы арасындағы бауырластыққа 30 жыл толды. Карантиндік талаптарға байланысты бірлескен сапарлардың орнына 44 жастағы Лоран Маэ велошеру өткізді. Велосипедпен әлемді шарлаған жиһанкез Лоран Маэ Францияның Ренн қаласынан 3 мамыр күні шығыпты. 4 ай бойы 15 елді басып өтіп, Алматыға жеткен. Қалаға кіреберісте саяхатшыны алматылықтар қазақы дәстүрмен шашу шашып күтіп алса, «Almaty Cycling Team» континентальды команданың велосипедшілері «Қазақстанның Тәуелсіздігі» монументіне, яғни қала әкімдігіне дейін жеткізді.

Франция азаматын қала әкімдігі сән-салтанатпен қарсы алды. Дәстүр бойынша үстіне шапан жауып, апорт алмасын сыйлады. Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Алматы мен Ренн арасындағы бауырластық Тәуелсіздіктің таңында, 1991 жылы басталғанын атап өтті.

«Жылдан-жылға екіжақты қарым-қатынас нығая түсуде. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық белсенді түрде дамуда, өзара Мәдениет күндері, көрмелер, концерттер өткізілуде. 20 жылдан бері Ренн мен Алматының отбасылары біріне-бірі қонаққа барып, өзара дәстүр мен тұрмысты кеңінен тануда. Қалалар мектептері арасында ынтымақтастық қалыптасуда. Осыдан 5 жыл бұрын Ренн қаласындағы «Алматы»

бағында бауырластықтың 25 жылдығына орай қазақтың ұлы философы мен ойшылы Абайдың бюсті ашылған еді. Бұл біз үшін үлкен құрмет», – деді қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров.

Лоран Маеның Қазақстанға келгендегі негізгі мақсаты – Францияның сәлемдемесін Алматы басшылығына жеткізу. Ренн қаласының мэрі Натали Аппере қала әкіміне құттықтау хат жолдаған екен. «Лоран Маэ мырзаның адами және спорттық ерлігі Ренн мен Алматы тұрғындары үшін батылдық пен достықтың үлгісі болып табылады. «Баршаңызды Алматы күнімен құттықтаймын!», – делінген хатта. 4 ай бойы жол жүріп келген саяхатшы түнгі мезгілде шатыр жасап, табиғат аясында қонған. Жергілікті тұрғындар қонақжайлық танытып, ас-ауқат тарту еткен. «Мен Алматыға алғаш рет келіп тұрмын. Бұл жерге велосипедпен келгеніме қуанбасам, өкінемін. Жолда бірнеше елге тоқтап, тарихымен, адамдарымен кеңінен таныстым. Одан бөлек, Қазақстанның жолдары қатты ұнады. Себебі, мықты деген Еуропа елдерінде де мұндай жол жоқ», – деді жиһанкез.

Лоран Маэ велоспортпен кәсіби түрде айналыспайды. Негізгі мамандығы – экономист. Ұлы Жібек жолы тарихын жастайынан оқып өскен және оны велосипедпен жүріп өтуді армандаған. Араға осының уақыт салып, арманына қол жеткізгеніне қуанышты.

«Қазақстанға келген бойда бәрі жақсы өтіп жатыр. Мен Шымкент, Тараз, Түркістан, Шу қалаларында болдым және қазақтардың мені өте жылы

қарсы алғанын айтқым келеді. Еуропада болғанымда жаңбыр көп жауды, кейде қар астында қалған кездерім болды. Бірақ Қазақстанға келгеннен кейін барлық қиындықтар мен қолайсыз ауа райы артта қалды. Мен велосипедпен саяхатқа шыққан кезде үш мақсатты алдыма қойдым. Ренн–Алматы қалаларының 30 жылдық бауырластығын, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өту және сіздің елді көру жөніндегі көптен бергі арманыңды іске асыру. Соның барлығы орындалды», – деді Лоран Маэ.

«Ренн қаласы Алматымен бауырластығына 30 жылдай болған ынтымақтастық пен достықты одан әрі нығайтуға ниетті. Лоран Маэнің ерлігі – осының айқын дәлелі. Бауырластығымыз, достығымыз нығая берсін», – деді Францияның Бас консулы Алексис Шахтахинский. «Алматы–Ренн және әлем қалалары достығы қоғамының» вице-президенті Айгүл Қасымбек екі қала арасындағы достықты нығайту мақсатында қандай шаралардың жүзеге асырылып жатқанын айтты. Мысалы, Алматы мектептері мен жоғары оқу орындарында француз тілін үйренуді дамыту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығын баян етті.

Жиһанкез Қазақстанда 10 күн болады. Осы аралықта Алматының әсем табиғаты, Қайыңды көлі мен Көлсай және Шарын шатқалы, Медеу, Шымбұлаққа баруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, ел астанасы Нұр-Сұлтанға да баруға ниетті. Ал Францияға ұшақпен қайтады.





БІР АУЫЗ СӨЗ



БІЗДІҢ МЕГАПОЛИС

Оңтүстік астананың елдіктен еншілер мәртебелі орны да, тарихи-тағдырлы жолы да ерек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елбасы тұжырымдағандай, «қалалардың да адамдар сияқты өз тағдыры болады». Бастауын сонау Сақ дәуірінің сұлуынан, Ұлы Жібек жолының өркенінен, патшалық Ресейдің «Верный» бекінісінен алып, кеңестік тоталитарлық жүйенің «тар жол, тайғақ кешулеріне» жалғасқан ақтаңдақтардың нәубеті де, берісі «Желтоқсанның» мұзға жаққан алауынан үшқын алған елдік пен егемендіктің, тәуелсіздіктің тәтті таңдарының сәттері де осы шаһардың тағдырының еншісінде.

Алматы мұның бәрін бастан кешті. Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі болған, мемлекеттігіміздің алтын діңгегіне айналған Алматының бар шындығы осы. Шаһар жылдан-жылға абаттанып, ажарланып, көркейіп келеді.

Алаштың оңтүстік астанасының қазақ өміріндегі тарихи рөлінің маңызын ешкім де жоққа шығара алмас. Қазақ Елінің киелі қонысына, мүбарақ мекеніне айналған Алматы төсінде алаш жұрты егемендігін еншілеп, тәуелсіздігін тұғырлатты. Елордасын асқақтатып, Қазақ мемлекетін әлемге мойындатты!

Алматы бүгінде бүкіл еліміздің өңірлеріне Елордамыздан кейін үлгі болар тіршіліктің барометріне айналған. Облыс, аудан орталықтары Нұр-Сұлтанға қарап ой түзесе, Алматыға қарап бой түзейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласын одан әрі дамыту мәселелері жөнінде арнайы кеңес өткізуі де бекер емес. Оңтүстік астананы жан-жақты дамыту мәселесі Президенттің жіті назарында. Мегаполисті ел экономикасының басты қозғаушы күшіне теңеген Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыны өмір сүруге қолайлы және жалпыға бірдей тең мүмкіндік беретін қалаға айналдыруға маңыз берді: «Алматы адамдарға қызмет ететін мәдениетті қала болуы керек».

«Әкім бол, халқыңа жақын бол!» қағидатын ұстанған қала әкімдігінің бұл міндеттерді жүзеге асырудағы қадамдары жаман емес. Алматылықтардың тыныс-тіршілігіне, тұрмысына сапалық өлшеммен қарауға бейлі. «Тарихтан тағылым алу, ұллықтан ұлағат алу» деген осы. Бүгінгі Алматы билігі осы құндылықтарға мақсатты түрде ерекше мән беріп отыр.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты белсенді түрде мүлтіксіз орындалып келеді. Бір сәт қала әкімдігінің бүгінгі тыныс-тіршілігіне көз жүгіртіп, зерделеп көрілкіші.

Президент тапсырмасымен Алматы агломерациясының 4 пилоттық жобасын іске асыру жұмыстары қызу жүріп жатыр. Қомақты тірлік көңіл қуантады. Әкімдіктің



«Open Almaty» қоғамдық қабылдауы жұмыс істейді. «Ашық әкімдік» фронт-кеңесі құрылды. Өтініштер «бір терезе» қағидасы бойынша қаралады. Кез келген тұрғын «1308» нөмірі бойынша колл-орталыққа хабарласа алады. Қала билігі мен тұрғындарының арасындағы тығыз байланыс пен өзара түсіністікті жергілікті телеарнада апта сайын өтетін дәстүрлі «Akimat LIVE» пен «Бюджетке қатысу» жобаларынан, «Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарынан, «Бизнестің жол картасы-2025», «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларынан айқын аңғарамыз.

Қала тұрғындары iAzamat қосымшасының көмегімен мегаполис өмірінің мәселелеріне, қаланы басқаруға белсене қатысады, өздері бастама көтереді. Мұнда әркімнің мүддесі ескеріледі. Алматы қаласының әкімі Бакытжан Әбдірұлы Сағынтаев айтқандай, «Алматыда шеткі аудандар болмауы керек. Ол – бірегей сипаттағы тартымды орындары бар полиорталықтандырылған қала болуы тиіс».

Шаһар басшысы мен оның командасы барынша алматылықтардың жоғары өмір сүру деңгейін қалыптастыруға күш салуда. Бұл – өте маңызды. Қазір қоғамдық кеңістіктер абаттандырылуда. Қараусыз қалған учаскелер халық игілігіне берілуде. Сондықтан да болар, алматылықтардың қала әкімдігіне деген сенімділік коэффициенті де күннен-күнге еселеніп, бекемденіп келеді. Бұған еліміз үшін маңызды шаралар – пандемияға қарсы ұжымдық иммунитет қалыптастыруда да, ұлттық санақ өткізуде де алматылық тұрғындардың республикалық көрсеткіште алдыңғы сапта тұрғаны дәлел.

Қала қоғамы әлемді құрсауына қысқан кешегі дағдарыс пен пандемиялық қауіпті індетке де қарсы төтеп берді. Қайбір сынағыннан да, қандай қиындығынан да сәтті өтті. Дер кезінде қабылданған

білікті шаралардың арқасында қала экономикасының құлдырауына жол берілмеді. Ұйымдастыра білген ұтары хақ. Қала – қарбалас тірлік. Дегенмен, вакцина алғандар саны екі миллиондық мегаполисте ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін әлі де жеткіліксіз.

«Ақшамдық» журналистер күнделікті қызмет барысында әрдайым осы жобалар мен бағдарламаларға, барлық оқиғаларға қатысты ақпараттар мен шаралардың бел ортасында жүреді. Жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы байланыстың өзегі болған газетіміздің «Akimat LIVE», «Ақшам» арқылы айтамыз» айдарлары осы бағдарда жұмыс істейді.

Біз алматылықтар тарапынан айтылған әрбір ұсыныс, талап-тілек, арыз-шағымдардың ескерусіз қалмай, шұғыл орындалып немесе атқарылатын шаруаның көлеміне, кезегіне қарай белгілі бір мерзімде қанағаттандырылып жатқанының нақ куәгерлеріміз. Құлақ естіді, көз көрді. Оның бәрін көзіқарақты оқырмандарымыз газетіміздің әр санынан, басылым сайтынан бағамдап та отыр.

Бұл күндері күзгі қала көркі ерекше көркем. Ару қаламыздың бас алаңынан бастап әр даңғылы мен көшесі, әр саябағы жасыл желекке, әдемі гүлзарлар мен гүлдестелерге оранып, субұрқалары қала табиғатын одан әрі сұлуландырып, алматылықтарды мерекелік көңіл күйге бөлейтіні рас.

Осы орайда мерекедің әрі демалыс күндері скверлер мен саябақтарға, көшелерге серуендеуге шыққан алматылықтар мен қала қонақтарын індетке қатысты профилактикалық шараларды, карантиндік шектеулер мен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырамыз. Қоғамдық орындарда, адамдар көп жиналатын жерлерде бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты сақтауды есте ұстаған абзал.

Еліміздің мың жасаған мәртебелі мегаполисінің төл мерекесі құтты болсын!

Т.ДЕРЫСАЛИН.

Болашақ
зейнетақыңыздың
мөлшерін
қалай көбейтуге болады?

Біз болашақ зейнетақымыздың мөлшеріне әсер ете аламыз ба? Әрине! БЖЗҚ-ға жалақымыздан міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) түріндегі 10 пайыздық аударымдарды жасай отырып, ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) да аудары аламыз.

Өзімізге немесе отбасылық бюджетке ыңғайлы соманы қалауымызша анықтап, осы «бос ақшаны» ерікті шотқа салуға болатындығы тіпті ыңғайлы. Тіпті, мұндай аударымның мөлшері олардың жүйелілігі сияқты аса маңызды емес. Сондай-ақ, сіз өзіңіздің зейнетақы шотыңызды ғана емес, сонымен қатар болашағына бей-жай қарамайтын, жұмыс істемейтін жұбайыңыздың немесе құрметті демалысқа шығатын әкешіңіздің де шоттарын толтыра аласыз.

Ерікті зейнетақы жарналарын заңды тұлғалар да аудары алады. Жалғыз айырмашылығы – жеке тұлғалар өздері үшін және жоғарыда айтылғандай, жақындары үшін, ал заңды тұлғалар – өз қызметкерлерінің пайдасына ақша сала алады. Жұмыс беруші тарапынан ынталандыру өте заманауи және әлеуметтік жауапты құрал. Ал 2021 жылдан бастап экономикалық тұрғыдан да тиімді.

Олай дейтініміз, 2021 жылдың басынан бастап зейнетақы заңнамасына жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналарды аударуын ынталандыруға бағытталған өзгерістер енгізілді. Мәселен, қаңтар айынан бастап жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерілуге жатады. Яғни бұл жағдайда жұмыс беруші салық салу кезінде артықшылықтарға ие болады.

Егер қызметкер ЕЗЖ-ны өз табысынан жеке пайдасына аударуға шешім қабылдаса, онда ол еліміздің Салық кодексінің 342 және 347-баптарына сәйкес ЕЗЖ төлеуге арналған шығыстар бойынша салық шегерімін қолдануға құқылы. ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт және олардың төленгенін растайтын құжат салық шегерімін қолдану үшін растаушы құжаттар болып табылады. Жеке тұлға өз пайдасына ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен төлеген кезде салық заңнамасында төленген сомаға салықтық шегерім көзделген. Қызметкердің қосарланған салық салуды болдырмаудан басқа да артықшылықтары айқын, олар: БЖЗҚ-дағы ерікті жарналар есебінен зейнетақы жинақтарының сомасын, ал кейіннен Қордан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайту.

Өлі де хабардар болып үлгермеген адамдар үшін – ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап БЖЗҚ-да ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін шот ашу автоматты түрде жүргізіледі, яғни салымшыға БЖЗҚ кеңсесіне келудің қажеті жоқ. БЖЗҚ-ға келіп түскен алғашқы ерікті зейнетақы жарнасы ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотын ашуға негіз болады. Бұл ретте пайдасына ЕЗЖ жүргізілетін жеке тұлғаны сәйкестендіру ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӘ, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылады, ал барлық қажетті мәліметтерді, атап айтсақ: жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері, өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

ЕЗЖ-ны «Қазпошта» АҚ бөлімшелері немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы, соның ішінде онлайн тәсілімен аударуға болады. Сондай-ақ, жұмыс берушіге өтініш беруге де болады, соның негізінде ол өтініш берушінің не өтініште көрсетілген үшінші тұлғаның пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын БЖЗҚ-ға тұрақты түрде аударатын болады.

Ерікті шарт бойынша жинақтардан төлемдерді 50 жасқа толған азаматтар, мүгедектігі бар адамдар, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, елдің заңнамасында айқындалған, шығу ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ала алады. Салымшы қайтыс болған жағдайда жинақтар мұрагерлерге беріледі.

2021 жылдың 1 мамырынан бастап ЕЗЖ алушылар қатары көбейді. Оған ерікті зейнетақы жарналары мен оларға есептелген инвестициялық табыс сомасы шегінде зейнетақы жинақтары бар тұлғалар кірді, алайда олар БЖЗҚ-да және (немесе) ерікті ЖЗҚ-да кемінде бес жыл болуға тиіс, яғни ЕЗЖ есебінен қаражат жинауды бастаған азаматтар бес жылдан кейін өзінің алғашқы төлемдерін ала бастайды. 2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ кеңселерінде өтініш беру арқылы БЖЗҚ-да кемінде бес жыл болған ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығын шамамен 2,8 мың алушы пайдаланды.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын алуға 50 жастағы салымшылар, мүгедектігі бар адамдар, соңғы кездері БЖЗҚ-ға бес жыл бойына ерікті жарналар аударып келген азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен БЖЗҚ корпоративтік сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн тәсілімен өтініш бере алады. «БЖЗҚ» АҚ-да тіркелген, төлем алуға берілген өтініштің орындалу мәртебесін enpf.kz сайтындағы «Электрондық қызмет көрсету» – «Менің төлемге/аударымға берген өтініштерім» қызметінің көмегімен қадағалауға болады.

Жинақтардың осы түрімен байланысты тағы бір жаңалық, 2021 жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (ҚДКБК) талап етілмеген кепілді өтем сомаларын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есепке алу үшін БЖЗҚ-ға аудару тәртібін белгілейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданысқа енгізілді. Бұл дегеніміз, егер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болған және барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған банкетің депозит салымшысы кепілдік берілген өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде ҚДКБК-ға жүгінбесе, онда ҚДКБК кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға есепке жатқызу үшін БЖЗҚ-ға аударылады. Шот автоматты түрде ашылады. Егер азаматтың ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-сы бар болса, онда кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы осы шотқа есептелетін болады. ЖЗШ-ға есептелген кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомалары ЕЗЖ-ның басқа сомалары сияқты тәртіпте инвестицияланатынын да атап өткен жөн. ҚДКБК-дан БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ-ға нақты аударымдар заңнамалық өзгерістер күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң, яғни 2022 жылғы 1 мамырдан бастап қолданылатынын атап өткен жөн.

Айдан БЕКНҰР.



ЛЕБІЗ

Алматының Құрметті азаматтары



Рая
ЕСКЕНДІР



Шәмша БЕРКІМБАЕВА,
қоғам қайраткері:

Алаштың айбары мен абыройы

Мен үшін Алматының орны ерекше. Қаншама шет мемлекеттерде болып, түрлі қалаларды аралағанда Алматыдай көркем, Алматыдай дархан қаланы көрмедім. Менің өмірімнің ең бір қызықты, сәуелі де, нұрлы кезеңдері тікелей осы қаламен байланысты.

Алматы – еліміздің еркіндігінің, тәуелсіздігіміздің куәсі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «Алматы – тәуелсіздігіміздің алтын бесігі» деп тегін атаған жок. Өркез Алматыға құрмет білдіріп отырады. Әсем Алматымыз ертегідегідей жыл санап емес, сәт санап көркейіп келеді. Алаштың айбары мен абыройы, есі мен сесіне айналған Алматымыздың тарихы тереңдей берсін!



Нина КАЮПОВА,
Акушерия, гинекология және
перенатология орталығының дәрігері,
профессор:

Жетістігімнің бәрінде Алматының үлесі бар

Алматыға 1953 жылы келдім. Сол жылы 17 жасымда С.Асфендияров атындағы медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түстім. Ең алғашқы еңбек жолымды қазіргі Бөгенбай батыр мен Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы №1 қалалық емдеу мекемесінде бастаған едім. «Ана мен баланы қорғау» Ұлттық орталығын 16 жыл басқардым, осы күнге дейін байланысымды үзбей, қызмет етіп келемін. Өзім таңдаған, жүрегім қалаған мамандықтың арқасында құрметке бөлендім. Жоғарғы кеңестің XII шақырылымына депутат болдым. Міне, содан бері 68 жыл бойы мыңдаған ана мен балаға өмір сыйлап келемін. Қызым да менің жолымды қуды. Қазір мен шөбере сүйген бақытты әжемің. Осынау жетістігімнің бәрінде Алматының үлесі бар.



Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

Көркем қаламен бірге оятқан тағдырыма ризамын

Алматы туралы сөз қозғағанда, менің ойыма «Алматының қадірін білгін келсе, бірер күнге барып қайт, басқа елге» деген ақын өлеңі оралады. Алматы – біздің, баршамыздың кіші Отанымызға айналғалы қашан. Дәл осы қалада менің еңбектегі жолым жалғасын тауып, қарапайым ұстаздар мектеп басшысына дейінгі баспалдақтан өттім. Еңбек мені қуанышқа бөлеп, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Еңбек Ері атандым. Еліміздің талай танымал тұлғаларымен де осы қалада танысып, туыстас, рухтас болдым. Сірә, басқа жерде, басқа қалада тұрғанымда менің өмір жолым басқаша өрілер ме еді, кім білсін? Алматының тұрғыны атанып, осынау көркем қаламен бірге оятқан тағдырыма ризамын.



Ақан БИЖАНОВ,
қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Еліміздің жаңа тарихында Алматының орны ерекше

Биылғы жылғы Қала күні мерекесі ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өтіп отыр. Еліміздің жаңа тарихында Алматының орны ерекше. Өйткені, Алматыда егемендігіміз туралы Декларация қабылданып, Тәуелсіздік туралы Заң шықты. Мемлекетіміздің рәміздері Елтаңба, Ту, Әнұран қабылданды. Өзіміздің ұлттық теңгенің алғашқы банкноты да осы Алматыда шықты. Республикалық бюджеттің 20 пайызынан астамы Алматының үлесі. Еліміздің қол жеткізген жетістігінде әрбір алматылықтың үлесі бар. Ару Алматының барша тұрғындарын Қала күні мерекесімен құттықтаймын!



Роза РЫМБАЕВА,
Қазақстанның Халық артисі:

Өмірдегі, өнердегі жолымызды түйістірді

Алматыға ең алғаш рет 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арналған «Өн – жауынгерлік сапта» деп аталатын конкурсқа келіп қатысып, жеңімпаз атанған едім. Содан бергі өмірімнің бәрі осы Алматыда, көрермендерімнің көз алдында өтіп жатыр ғой. Алматыда Таскынмен таныстым, қос ұлым дүниеге келді. Қала өмірдегі, өнердегі жолымызды түйістірді. Өлі күнге дейін Алматыдан алысқа кетсем, жеткенімше сағынып қаламын. Ұшаққа ұшарда, жерге қонған кезде де тек Алматыға ғана тән жылылықты сезінемін. Әрбір өнер сапарына шығарда Алматыны қимай аттансам, туған қалама қуанып ораламын. Халықтың жүрегінен орын алған талай әдемі әндердің де куәсі осы – Алматы.

ҚАЛА ТАРИХЫНАН



МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАР

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлмира БӘЗІЛБЕКҚЫЗЫ,
тарихшы:

Қаланың тарихы қола дәуірінен басталады. Себебі, археологтер қола дәуіріне тән Теренқара және Бұтақты қоныстарын тапқан. Бұл қоныстардағы археологиялық қазба барысында түрлі бұйымдар табылған. Яғни шаһардың б.з.д. V–VII ғасырларда сақ, үйсін дәуірінде де өзіндік маңызы болған деген сөз. Атап айтсақ, сақ патшаларының қорғандары қазіргі Алматы маңайындағы Есік қаласынан табылған сақ жауынгерінің Алтын киімді адамы. Орта ғасырда да қаланың дамуында ерекшеліктер болды. Оған дәлел, Ұлкен Алматы аумағында Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда-саттық орындарының бірі болған. Алматы – сауда, қолөнер, ауыл шаруашылық орталықтарының біріне айналды.

XV–XVII ғасырда Ұлы Жібек жолы ыдырағанына байланысты қала біраз өзгерістерге ұшырайды. Сондай-ақ, жоңғар шапқыншылығы кезеңінде де шаһардың маңызы болды. Қаланың

іргетасының қалануы Іле Алатауының баурайында Ресей империясының Верный қамалының – 1854 жылы 4 ақпанда ең алғашқы бекіністің салынуымен қалыптаса бастайды. Сол жылы қамал құрылысы аяқталып, Қазақстан жеріне Ресейден казактардың, шаруалардың қоныстануына байланысты шаһар ақырында дами бастайды.

1855 жылы қалаға бір топ казактар көшіп келеді. Жылдар өте қаланың архитектурасы, мәдениеті мен инфрақұрылымында ілгерілеушілік байқалады. XX ғасырдың басында уақытша үкіметтің орнауына орай, қала үлкен өзгеріске ұшырайды. 1917 жылдың наурызында әскери губернатор, қала басшысы әскери басшы орнынан алынады. Орнына Мұхамеджан Тынышбаев тағайындалады. 1918 жылы қалада кеңес үкіметі орнап, 1921 жылы 5 ақпанда Верный қаласының атын өзгерту туралы шешім қабылданады да, шаһар Алма-Ата қаласы деп аталады. Қазақ жерінде 1921 жылдары революциялық комитеттің құрылуына орай, Жетісу әкімшілік орталығының атауы «Алма-Ата» болып өзгертіліп, кейін 1926 жылы Түркістан–Сібір темір жолы салынуы қаланың астана болуына себеп болады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Тарих беттерін парақтасақ, Кеңес үкіметі тұсында шаһар тарихын XIX ғасырдың аяғында өңірге салынған орыс әскерінің Верный бекінісімен байланыстырып келгенін білеміз. 2004 жылы «қаланың тарихы 1854 жылы бастау алды» деген ақпарат шығып, қаланың 150 жылдық мерейтойын тойламақшы болды.

Алайда, қазақ археологтері мен тарихшылары «Алматының қала ретіндегі мәртебесі 150 жылдан емес, 1000 жылдан басталады» деген тұжырым жасайды. Шаһардың 1000 жылдық тарихы барын дәлелдейтін тарихи деректер шығып, қоғамда қызу пікірталас болғаны да жасырын емес.

«Елорда» деген асқақ атты 70 жыл бойы арқалаған Алматы қаншама қиындықты өткерді. Тағдырдың соқпағына қарсы тұрған қарт шаһар алып мегаполиске, талайдың алғашқы махаббатына, армандар орындалатын киелі мекенге айналып үлгерді.

Бүгінде көрікті шаһар Алматы елдегі ірі өнеркәсіп пен өнер, мәдениет орталығы болып есептеледі.

Жайқала бер, ару Алматы!

Сонымен, 30-жылдары басқа қалалармен әуе қатынасы орнатылады. Жылдар өте шаһардың экономикалық әл-ауқаты дамып, Алматы қаласы елдегі маңызы бар қалалардың біріне айналады. Ал соғыс жылдарында қала аумағы өзгеріске ұшырап, бүкілодақтық тыл жұмыстарын ұйымдастыруда өнеркәсіптік және материалдық қорды алу үшін қала маңынан жерлер беріледі. Соғыстан кейін қаланы дамыту туралы жоспарлар енгізіліп, шаһар архитектурасын дамыту жөнінде шешім қабылданады. Қонақүйлер, құрылыс орындары салына бастайды.

Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1993 жылы қала атауы «Алма-Атадан – Алматыға» ауысады. 1997 жылы ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен ел астанасы Алматыдан Нұр-Сұлтанға (бұрынғы Ақмола, Астана) көшіріледі.

1998 жылғы 1 шілдеден бастап Алматы қаласының мәртебесі туралы Заң күшіне енеді. Заңның негізінде Алматы – еліміздің ғылыми, мәдени, тарихи, қаржылық және өндірістік орталығы болып белгіленді. Бүгінгі күнге дейінгі шаһар тарихы осындай оқиғаларға байланысты болды.

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Абыз қала Алматы

Елбасының «Алматы – өзінің ежелгі және бергі тарихы бар қала» деген кезіндегі бір ауыз сөзі мегаполис тарихын 150 жылмен шектегісі келгендерге тойтары беріп, Алматы дәрежесін одан әрі асқақтатпай түскені мәлім.

Жалпы, қаланың жасын дәл анықтау ұлт өркениетінің тамыры қаншалықты тереңде жатқанын дәлелдеуге негіз болатыны даусыз. Ал кеңестік кезеңде біздің шынайы тарихымыз бүркемеленіп, көптеген байырғы қалаларымыздың жасы қасақана бұрмаланып көрсетіліп келді. Соның ішінде Алматының да арғы атасы бергідегі Верный болып шыға келді. Ол осылайша кеңестер тұрғызып қала санатына жатқызылды. Ал негізінен, Жетісу жерінде қалалардың пайда болу тарихы сонау Б.з.д. II ғасырда Ұлы Жібек жолының келуімен тұспа-тұс келеді. Әсіресе, сол кезде Алматы, Талғар және Қойлық қалалары сол заманда ірі қолөнер, сауда мен мәдениеттің орталығы болған. Сонау моңғол империясында маңызды рөл атқарған Алматы қаласының бүгінгі Алматының арғы бабасы екенін археологтер жылдар бойы қазба жұмыстары нәтижесінде табылған археологиялық және нумизматикалық деректердің арқасында дәлелдеді.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде көне қаланың аршып алынған қалдықтары ішінен «Алматы қаласында соғылған» деген жазуы бар күміс дирхемдер табылды. Араб кәрпінде жазылған жазуы бар теңгелерде сондай-ақ, олардың 1287 жылы соғылғаны көрсетілген. Басқа емес, нақ осы дерек Алматының қолөнер мен мәдениет орталығы болып қана қоймай, теңге сарайы бар әкімшілік орталық болғанын айғақтап берді. Сондай-ақ, қаланың көне тарихы жайлы жазба деректер де жетерлік.

Атап айтқанда, Алматы жайлы алғашқы деректер Бабыр, Дулати секілді Шығыс ғұламалары еңбектерінде, қытай жазбаларында және Шоқан Уәлиханов очерктерінде бар. Алматы туралы мәлімет тіпті сонау ертедегі Рашид-ад-дин шығармаларында да (1274–1318 ж.ж.) кездеседі. Ғалым өз еңбегінде шаһарды «Алмалық» деп атаса, XVI ғасырда өмір сүрген ға-



лым Захир-дин Мұхамед Бабыр Алматы қаласын «Алмату» деп келтіреді. Міне, осы сияқты тарихи деректер Алматы қаласының тарихи жасын анықтап кеткен.

Алматының қала ретінде пайда болғанына мың жылдан астам уақыт өтсе, қала территориясындағы адамдардың тіршілік іздері тіпті сонау қола заманына дейін барады. Алайда, ғалымдар «Алматының жасы туралы сөз қозғалғанда, қала территориясын қола және темір дәуірінде (б.з.д. III–II мыңжылдықтар) адамдардың мекен ете бастаған уақыты аясында емес, бұл жерде ғылыми түрде «қала» деген атауға лайықты, ең біріншіден, әкімшілік билік, қолөнер, сауда, соның ішінде халықаралық сауда, жоғары дамыған мәдени идеология орталығы сияқты дефинициялары бар елдімекеннің қалыптасуы деп қарастыру керек» деген пікірде.

Р.ҚҰРМАНБАЙ.



Алматы – биік таулар және көркем пейзаждарға көмкерілген қала. Оның әрбір бұрышы – концептуалды. Сондықтан көптеген танымал фильмдерден Қапшағай көлін, Үшқоңыр үстіртін, Қайыңды көлін, Есік көлін, Орталық мәдениет және демалыс саябағын, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағын, Арбат және т.б. қаланың көрікті жерлерін кездестіруге болады.

КИНО ӘЛЕМІНДЕГІ МЕГАПОЛИС



**Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Алматыда түсірілген фильмдерде тарихи жанр басымырақ. Соның бірі – күнгей түркі сақ халқының ел

билеген атақты ханшайымы – «Томирис» туралы фильм. Фильмнің режиссері – қазақстандық кинорежиссер, актер, сценарист және продюсер – Ақан Сатаев. Тарихи кино 2019 жылдың 27 қыркүйегінде жарыққа шығып, экрандалды және

режиссердің сәтті жұмыстарының біріне айналды.

Оңтүстік астанада түсірілген фильмдер «Томириспен» ғана шектелмейді. Төменде әйгілі фильмдер түсірілген жерлердің тізімін назарға ұсындық.

1. ҮШҚОҢЫР ҮСТІРТІ

Көптеген қазақстандық кинорежиссерлер Үшқоңыр үстіртін фильм үшін ең қызықты орындардың бірі ретінде таңдайды. Үшқоңыр биік таулы үстіртінде түсірілген танымал фильмдердің бірі – «Балалық шағымның аспаны». Бұл – Елбасы туралы түсірілген алғашқы фильм. Туынды Нұрсұлтан Әбішұлы өмірінің барлық атмосферасын керемет жеткізе біледі. Фильмнің



6. «АҚБҰЛАҚ»

«Ақбұлақ» тау шаңғы курорты – Іле Алатауы тауларындағы таңғажайып көріністердің бірі. Нұрлан Қоянбаевтың «Бизнес по-казахски» фильмінде «Ақбұлақ» шипажайынан түсірілген бірнеше кадрлар бар. Сонымен қатар, фильмде қаланың заманауи инфрақұрылымын, Алматының кең көшелері мен көк тіреген ғимараттарын көруге болады.

7. «НОМАД» БЕКІНІСІ

Мегаполис іргесіндегі Қапшағайда «Номад» деп аталатын тарихи бекініс бар. Оның атауы ағылшын тілінен аударғанда – «көшпенді» деген мағынаны білдіреді. Шағын қала алаңы бар бұл бекініс ортағасырлық азиялық елдімекенге ұқсайды. Сондай-ақ, «Номад» бекінісі мұражай-ескерткіш



ипподром және Орталық мәдениет және демалыс саябағы сияқты жерлерде бірсыпыра кадрлар түсірілді. Бұрын бұл саябақ Верный гарнизонының серуендері мен офицерлерге арналған орын болған, ал қазір ол балалардың сүйікті орынына айналды. Онда бүгінде аттракциондар, қысқы және жазғы аквапарк, түрлі кафелер және тағы басқа демалатын орындар бар.

4. 28 ГВАРДИЯШЫ-ПАНФИЛОВШЫЛАР САЯБАҒЫ, АРБАТ

1988 жылы талантты режиссер Рашид Нұғмановтың «Ине» фильмі дүниеге келді. Басты кейіпкер – Моро рөлін рок-музыкант Виктор Цой сомдады. Фильмнің желісі бойынша Моро оңтүстік астана – Алматыға келіп және өзінің бұрыннан келе жатқан досына көмек көрсету үшін үлкен қалада қалуға бел буады. Кинофильм ескі қаламен, Теміржол вокзалы, 28 гвардияшы-панфиловшылар паркі, Арбат және басқа да орындармен танысуға мүмкіндік береді.

5. КӨНЕ АЛМАТЫ

Қазақстан кинематографиясының көрнекті режиссері Шәкен Айманов түсірген «Тақиялы періште» фильмінен Іле Алатауы тауларының тамаша панорамаларын, жаңа құрылыстар, кең көшелер және сол заманның сәнімен киінген қала тұрғындарын, саябақтар мен гүл алаңдарын көруге болады. Бұл фильмде Алматы ерекше рөл атқарады. Фильм көне Алматының көріністері бейнеленген кадрларға толы. Фильмнің басты рөлінде талантты актриса Әмина Өмірзақова ойнайды. Сондай-ақ, 1986 жылы жарық көрген «Ауылым Көктөбенің бөктерінде» отбасылық фильмінде Алматының күнделікті тіршілігі, көне көшелері көркем бейнеленген.

ретінде де танымал. Мұнда көптеген фильмдер, тіпті клиптер түсірілді. Мысалы, Иван Пассердің «Көшпенді» фильмі мен Тимур Бекмамбетовтың «Күндізгі күзет», «Мел судьбы» фильмдерінің бірнеше кадры үшін аталған тарихи орын таңдалған.

8. ШАРЫН ШАТҚАЛЫ

«Шарын» ұлттық паркінде Ақан Сатаевтың «Жажу-рек мың бала» тарихи фильмінің бірнеше кадры түсірілді. Шарын шатқалы пейзаждарының арқасында кино жажу-ры орасан зор колоритке ие болып, көрерменнің оң бағасын алды.

9. 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЛМАТЫ

«Балкон» деп аталатын туындыдан 50-жылдардың басындағы қаланың келбетін тамашалауға болады. Бас кейіпкер – жасөспірім Айдар түрлі өмірлік қиындықтарды бастан кешеді. Таспа сол кездегі жас ұрпақтың тарихын баяндайды. Фильмде Алматының көшелерін ғана емес, 1985 жылы өрт кезінде жанып кеткен қалалық ТЖБ ғимаратын да көруге болады.

10. «МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫ

Биыл тұсауы кесілгеніне 30 жыл толған «Көріскенше, қош бол, Медеу» фильмі көпшіліктің көкейінде әлі күнге сайрап тұр. Кинодан Алматы тауларының әсем көрінісі, павильондар мен «Медеу» мұз айдыны көрсетілген кадрлерді кездестіруге болады.

2. ЕСІК КӨЛІ

Алматының тағы бір көркем жері – Есік көлі. Бұл Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінің кейбір көріністері үшін таңдалған альпілік көл. Жанры музыкалық комедия болып табылатын фильмде Есік көлінің 1963 жылы селмен жойылғанға дейінгі бейнесі көрсетілген. Тығыз ормандары мен гүлді алқаптары бар әдемі табиғатпен қоршалған көл фильмге ерекше атмосфера сыйлады.

3. ОРТАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ

Қанымбек Қасымбековтің адам мен жануар арасындағы достықты көрсететін «Шок пен Шер» әсерлі картинасында Алматының көптеген жерлерін кездестіруге болады. Мысалы, Абай даңғылы, «Қазақстан» дүкені, қалалық

негізінде Үшқоңыр үстіртінің аспаны астында өткізілген Елбасы өмірі бейнеленген. Сонымен қатар, кинодан Үшқоңыр көлінің керемет табиғатын тамашалауға болады.

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«САҒЫНДЫМ, АЛМАТЫМДЫ»

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматының сұлулығын жырына арқау етпеген ақын, әдемі әнімен тербеген сазгерлер кемде-кем шығар. Қала туралы әндердің ішіндегі ең бірінші ойға оралатыны, көкейімізде жатталып қалғаны – «Сағындым, Алматымды».



«Алматы түні» – әркімнің жадында

Алматы туралы классикалық әндердің қатарында «Гүл Алматым» (Әні: А.Зацепин, сөзі: Ж.Молдағалиев), «Алматым жүрегімде» (сөзі: Н.Әлімқұлов, әні: Ә.Бейсеуов), «Алматының алмасы» (Ескендір Хасанғалиев), «Алматым – сұлу астанам» (Алпысбай Оңдасынов), «Алматы түні» (Тұманбай Молдағалиев, Досым Сүлеев) секілді әндер де бар.

Әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблінің орындауындағы «Алматы түні» де әлі күнге әр қақтың жадында. Бұл ән 1972 жылы жазылған. Сол кезде «Дос-Мұқасан» ансамблінің атағы дүркіреп тұрған уақыт еді. Бүкіл Кеңес Одағына танылған шығармашылық топ жайлы фильм түсіру үшін шығармашылық топ Мәскеуден Алматыға арнайы келген болатын. Түсірілім жұмыстары аяқталуға аз қалғанда жігіттердің бірі Сүлеевке фильмге арнап бір ән жазуға қолқа салады. Досым Сүлеев келісім беріп, фильм түсірілімі біткен соң, ән жазуға кіріседі. Шабытын ояту үшін түнгі Алматыны аралай бастайды. Алайда, жақсы ән оңай шыға қала ма?! Арада бірнеше апта өткенде ол Тұманбай Молдағалиевке жолығып, өзіне жүктелген шаруа туралы айтады. Сонда ақын аға «Өзім де осы тақырыпта өлең жазуды жоспарлап жүр едім, мәтінін дайындап қояйын» дейді. Ертеңінде сазгер мен ақын кездесіп, «Алматы түні» атты өлеңмен танысады. Сазгерге өлең ұнағаны сонша, ерекше шабыттанып, дүниеге әдемі ән келеді. Ән тапсырыс берушілердің де, барлығының көңілінен шығып, осы әуенмен «Дос-Мұқасан» ансамблі туралы түсірілген фильмді әрлейді.

Соңғы онжылдықта Қайрат Нұртастың орындауындағы «Алматының түндері», Төреғали Төреәлінің орындауындағы «Алматы – ең алғашқы махаббатым», Нұрболат Абдуллиннің орындауындағы «Алматы кештері» әні де хитке айналып, ән шерулерден тыс қалған емес.

Мыңжылдық тарихы бар Алматы шаһары жайлы әлі талай ән мен жыр жазылары хақ.

Серікбай ОСПАНОВ, ақын:

Көркіне ғашық болмау мүмкін емес

Өнге сөз жазу оңай емес. Өйткені, тұсаулысың, шекарадан асып кетпеуің керек. Бірақ «Сағындым, Алматымды» әні жаман шықпаған секілді. Қазақ радиосында істеп жүрген кезімде осы өнге сөз жазуға ұсыныс түсті. Әннің мәтіні табан астында төгіліп түсті. Бірақ жылдар өте түпнұсқасынан сәл ауытқыған тұстары да жоқ емес. Мысалы, түпнұсқада «Еске алу Көктөбені жанымға от береді» бірақ қазір «Еске алсам Көктөбені, жанымға от береді» болып айтылып кетті. Негізгі әннің сөзін біреуден естіп алып орындай бермей, түпнұсқасын қарау керек. Меніңше, бұл әннің танылуының себебі жетпісінші жылдары студенттердің бәрі Алматыда білім алып, ауылдарына қайтатын. Ал Алматыны бір көрген адам ғашық болмауы мүмкін емес.

Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ, Қазақстанның халық артисі:

Жастық шағым Алматыда өтті

Шығармашылық адамы сағынбай тұра алмайды. Жас кезімде жырақта жүргенде ауылға, елге, жерге деген сағыныш үнемі көкірегімді керіп тұратын. Қой бағып, бүлдірген терген туған ауылым – Қызылсайды қатты сағынатынымын. Ондағы мұңсыз күндерім, өзендердің гүрілі, көк майсасы түсіме жиі кіретін. 8-сыныпты бітіргеннен кейін музыкалық училищеде оқыдым. 1977 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияға түстім. Жалындаған жастық шағым Алматыда өтті. Кейін туған жерге оралғанымда ақбасты Алатау, ондағы қызықты күндерім, қаланың әсем табиғаты, сыңғырлаған бұлақтары, таза ауасы есімнен кетпеді. Алматыға деген сағыныштан осы ән туды.

Мейрамбек БЕСПАЕВ, «МузАрт» тобының өншісі:

Халықтың жүрегінен орын алған ән

«Сағындым, Алматымды» – шын дарынды тұлғалардың үйлесімді шығармашылық еңбегінің жемісі. Бұл әнді мен «Тараз» триосының, ресейлік өнші Валентина Толкунованың, Мақпал Жүнісова апамыздың, Алтынбек көкемнің орындауында тыңдап өстім. Кез келген концерт, жиында, той-томалақта міндетті түрде осы ән орындалатын еді. Ал уақыт өте келе, тоқсаныншы жылдары бұл ән окта-текте орындалып жүрді. Ешқашан ескірмейтін, халықтың жүрегінен орын алған әнді «МузАрт»-тың репертуарына қосқым келді. 2000 жылдардың бас кезінде әннің жұлдызы қайта жанып, жаңа дәуірі басталды. Ел астанасы Алматыдан Нұр-Сұлтанға ауысқан кезде әннің қадірі тіпті арта түскендей болды. Елордадағы концерттерде осы әнді орындағанымызда, кейбір адамдар Алматыны сағынып, көзіне жас алып жататын. Сондықтан «Сағындым, Алматымды» репертуарымыздан ешқашан түспейді.

ТАНЫМ

Әсел
ДАҒЖАН

МУЗЕЙЛЕР

қала тарихының жанды шежіресі

Пандемия кезінде онлайн-байланыспен көрермен санын үш есе көбейтіп, пайдаға шыққан мәдени нысанның бірі – Алматы музейлері. Уақыт өткен сайын музейлерге келушілер саны артып, өткен тарихқа қызығушылық өсіп келеді.

Осы орайда айта кетейік, Мәдениет басқармасына қарасты «Алматы қаласы музейлер бірлестігіне» КМҚК 7 музей кіреді. Оның ішінде Алматы музейі, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Д.Қонаев музейі, Н.Тілендиевтің мемориалдық музейі, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалды музей кешені, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы және Райымбек музей кешені.

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК директорының орынбасары Қайрат Сағынғалиұлының айтуынша, қатаң карантин кезінде қаладағы кітапхана, цирк, театр, зообақ сияқты мәдени ошақтар жабылғанда Алматы музейлері өз келушілерімен тығыз онлайн қарым-қатынаста болған. Музейдің әлеуметтік желідегі белсенділігінің арқасында көрермендер саны еселеп артып, бүгінде 40 мыңнан аса тұрақты оқырманы бар.

«Қатаң карантин кезінде біз қызметкерлермен зум арқылы байланыс жасап, тарихты бағалайтындар мен студенттер үшін онлайн «дөңгелек үстел», іс-шаралар өткізіп, жұмыстың жаңа бір қырын меңгердік. Былтыр өткізген іс-шараларымызды миллионнан астам көрермен көрді. Ол дегеніміз өте үлкен



аудитория, еліміз үшін айтарлықтай жақсы көрсеткіш. Музейдің достарын жоғалтып алмау мақсатында ақпан айында Музейфест–2021 онлайн-фестивалін өткіздік. Оған республикадағы барлық жергілікті тарихи өлкетану және тұлғалық музейінің қызметкерлері қатысты. Бұл фестиваль еліміздің мәдени өміріндегі елеулі жаңалық болды. Жеңімпаздар Алматыға шақырылып, арнайы марапатталды. Пандемияға дейін біздің музейлерге аптасына 200–300 көрермен ғана келсе, қазір бұл сан 900–1000 адамға



дейін өсті. Және ұзақ уақыттан бері осы көрсеткішті ұстап тұрмыз, – деді Қайрат Тарбаев.

Музейге келушілер үшін Алматы музейлерінде бірыңғай билеттер сатылады. Бір музейден сатып алған билетке жеңілдетілген бағамен барлық алты музейге барып шығуға болады. Ықылас атындағы Халық аспаптары музейі, Д.Қонаев музейі мен Алматы музейіне салыстырмалы түрде көрермен көп келетін көрінеді. Дегенмен, әр музейдің өз келушісі бар. Әдебиет сүйер қауым Сәбең мен Ғабеннің музейіне

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы қаласы күніне орай, 21, 26 қыркүйек күндері Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі «Алматым – жүрегімде» онлайн-концертін өткізеді. Концертте көрермендерге арнап халық әндері шырқалып, домбырадан күй төгіледі. Қалған 6 музей де Қала күніне арнаған мәдени шараларын санитарлық талапқа орай онлайн-режимде өткізеді. Толық ақпаратты музейдің Инстаграмдағы @almatymuseums аккаунтынан біле аласыздар.

барса, музыка сүйер қауым Тілендиевтің музейін жақсы көреді. Биылғы келген көрермендердің үштен бірі шет ел туристері болған.

– Румыния, Ресей, Өзбекстан музейлерімен бізде музейаралық келісім-шартымыз бар. Пандемия босаңсыған кезде Алматы қаласының музейлері Санкт-Петербург, Румыния, Бухарест қаласында өтетін көрмелерге шығамыз деген жоспар бар. Ол үшін қазір дайындық жұмыстары мен келісім-шарттар жасалуда, – деді Қайрат Тарбаев.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы музейлері сейсенбіден жексенбіге дейін сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін ашық.



САҒЫНЫШ

АЛМА ЖӘНЕ АЛМАТЫ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы мен оның апортының тарихы туралы көп адам, тіпті әлем біледі. Алда-жалда білмей жатсаңыз, қолыңыздағы ұялы телефонмен ғаламторды ашып кеп қалсаңыз, барлық мәлімет көз алдыңызда сайрап қоя береді.

Ал бүгін мен екеуін бір-бірінен ажырату мүмкін емес қала мен жемісті басқаша қырынан суреттегім келді.

...Бала күнімізде Алматыда оқитын студент ағамызды қатты күтетінбіз. Демалысқа ауылға келеді екен деген әңгіме құлағымызға тигеннен, ол пойызға отырды ма, отырмады ма, бәрібір, күнде қара жолға қарайлаумен кеш батырушы едік. Себебі, ағамызбен бірге үлкен бір сөмкемен алма келетін жылда. Бізді сағынып жететін ағаны, әлде алманы күтетінімізді өзіміз де білмейтін болуымыз керек сол кезде.

Иә, Алматы қайда, біреу қайда! Қазақстанның ең бір шалғай түкпірінде, құмды ауылда жатқан арманшыл балаға Алматы қаласы ғимараттары аспанмен таласқан, қол жетпес шаһар болып елестейтін. Ал Алматы атауы естілсе, баланың басындай алма қоса елестейтін. Енді ше, біз секілді алма ағашы өспейтін өңірдің өреніне бұл жеміс аса таңсық болатын. Ағам қаланың сәнді де ерекше сөмкесінен алмаларды шығарып жатқанда, апортың аңқыған жұпар иісі үйдің ішін түгел алып кетуші еді. Сенесіз бе, танауымызды қытықтап, елітіп әкететін сол бір хош иіс көп күнге дейін бөлмеден кетпей тұрып алатын. Көлемі үлкен кеседей болатын қып-қызыл бір апортың өзі кішкентай екі алақанымызға сыймай тұрушы еді. Жартысына жетпей-ақ тез тойып қалатынбыз. Ал қазіргі алмаларда ондай жұпар иіс жоқ. Әрі көлемдері де үлкен емес. Көлем демекші, Алматы апортының біреуінің салмағы бұрын 1 кг 200 гр болған деседі. Демек, біз соның шет жағасын көрдік деген сөз.

Алматы жылда Қала күнін тойлатады. Бұл айтулы күнді Алма фестивалінсіз елестету, тіпті мүмкін емес. Соңғы 4-5 жылда дәстүрге айналған «Алма-FEST» арқылы Қазақстанға көптеп шетелдік туристерді тартуға болатынын айтып отыр жергілікті билік өкілдері. Өйткені, әлем халқы Алматыны әліге дейін апорт алмасы арқылы таниды. Сондықтан аталған фестивальді халықаралық деңгейге шығаруға болады. Фестивальдің дәстүрлі түрде өтіп, алма өсірушілерге әжептеуір мотивация бере бастағанын да айтып отыр мамандар.

«Алма-FEST» фестивалінде отбасыңызбен қыдыруға мүмкіндік мол. Үлкенге де, кішіге де қызықты іс-шаралар ұйымдастырылады.

Фестивальде қып-қызыл апорт алмалары алматылықтарға тегін таратылады. Бірде ұлқызыма да апорт тиді. Күні бойы қызық қуып шаршағандары бар, қарындары да ашты, отыра қалып жей бастады. Ұлдың қолына сыртында қара дақтары бар алма тиіпті.

– Лә-лә-лә, сенің алманды құрт жеген, құрт жеген! – деді қарындасы өзіне бүп-бүтін алма тигеніне мақтанып. Сондағы ұлдың жауабы:

– Ессесіне, сенікі – «китайский»!

Бала да болса, сөзінің жаны бар.

Алматы алмаларының құрамында қант

кәдуілгі әлемдік алмалармен салыстырғанда 20 пайыз көп деседі. Біздің алмаға неге сонша құрт түсуге құмар десек, мәнісі осында екен. Шыбын-шіркей, құмырсқа мен құс атаулыға дейін жаздың күні езіліп піскен тәтті алмаға үйірсек келетіні содан көрінеді. Алматы алмасының жайқалып, айналаға жұпар иісін аңқыта шашып өсетіні сол шырын-қанттың қуаты екен ғой. Ал шынымен де, қазіргі қызы-жазы сырттан үзбей әкелінетін сырты бүтін, жұп-жұмыр, ауызға алсаң дәмі де жоқ алмалардың сырын енді ұғынғандаймыз.

Айтпақшы, биыл Қала күні пандемияға байланысты онлайн форматта өтеді.

Орта есеппен шамалағанда, әр адам бір жылда 15 кг алма жейді екен. Алмалардың неліктен суға батпайтынын білесіз бе? Себебі, көлемінің 25 пайызы ауадан тұрады.

Алма құрамында алма қышқылы – тіс ағартатын құралдар жасап шығаруда қолданылатын химиялық зат. Алма қышқылы тіс кіреуекесіндегі дақтардан арылуға көмектеседі. Алмада шамамен 80 калория бар.

Қазіргі Қазақстан жерінде керемет алмалардың өсетіндігін қытайлар 1240 жылдан бастап жаза бастаған, сондай-ақ алма тұқымының осы жерден таралғанын да баса айтқан. Бұрын Алматының «Алмалы» деп аталғаны да тегін емес. КСРО кезінде алма Алматы қаласының рәмізіне де айналған.

Апорт – кеш пісетін түрге жатады, қыркүйек айларында ғана пісіп-жетіледі. Кеш піскендіктен қыста жақсы сақталады. Ең танымал апорт бақтары Алматы сыртында орналасқан.

Алатаудың баурайында пайда болған апорт 1900 жылдары көбейіп, көпестер арқылы шет елге де кеңінен тарай бастаған. Осыдан кейін шетелдік бағбандар Алматы апортының тұқымын алып, оны өз елдерінде өсіре бастайды. Бірақ Еуропа елдері мен АҚШ-тың бірқатар штатында апорт тамырланбай, өспейді. Ал Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан сынды іргелес мемлекеттер өнім алған. Алайда, сапасы мен дәмі жөнінен біздің апортқа жете алмаған. Бұл апортың жер талғайтынын және Іле Алатауының алқабында ғана жақсы өсетінін білдіреді. Топырағы шұрайлы тау беткейінде, теңіз деңгейінен 900–1200 метр биіктікте жақсы өседі.

Сонау 1990 жылдары алма бақтары оталып, Алматыда қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізіле бастаған. Кезінде апорт бақтары орналасқан аумақта ээулім ғимараттар бой көтерді. Айталық, қазіргі «Қазақфильм», «Алмагүл», «Таулы қырат» ықшамаудандарының орнында бұрын алма бақтары жайқалып тұрған еді. Оның шет жағасын біз студент кезімізде көрдік.

Қазір апорт бақтарында бұрынғыдай алма төгіліп тұрмаса да, бұл сорт түбегейлі жойылып кеткен жоқ. Бүгінде қала билігі апорт даңқын қайта асыруды қолға алды. Апорт ағашы ауруға шалдықпай, жақсы күтім көрсе, елу жылға дейін өнім береді екен. Соның негізінде апорт бизнесін дамытуға болады. Жайқалған алма бақтарын көруге шетелдік туристердің де асығары сөзсіз.

Қалай десек те, ару Алматы бұрынғы, әр кірпіші берік қаланған іргелі мәдени ошақтары, келісті ғимараттарын бұзбай, сақтау арқылы, жаһандану көшінен қалмай ілесіп келеді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ


Жыл сайын алматылықтар Қала күнін салтанатты түрде атап өтетін. Алайда, былтырдан бері бұл мерекеге арналған іс-шараның барлығы онлайн форматта өтіп жатыр.

Дейтұрғанмен, бас шаһардың даму динамикасы елдегі қысылтаяң шақтың кедергілеріне қарамастан барлық бағыттар бойынша қарқынды даму үстінде. Қалаға кейіннен қосылған аумақтарда жаңадан жолдар салынып, орталықтандырылған су және кәріз желілеріне қосылды. Көшелерге заманауи үлгідегі шамдар орнатылып, Алматы қауіпсіз қалаға айналды. Көгалдандыру жұмыстары барысында да жұмыс жаман болған жоқ. Байқасаңыз, қаланың барлық өңірінде айналасы гүлмен көмкеріліп, жасыл желекке оранған алаңдар, қоғамдық орындар мен аспанмен таласқан биік ғимараттар жетіп-артылады. Саябақтар мен арнайы демалуға арналған қоғамдық кеңістіктер де қаланың көркін аша түскен. Балаларын ойнатқан аналар, сейіл құрып жүрген жастар, орындықтарда әңгіме-дүкен құрып отырған қариялар осы сөзімізге дәлел болса керек.

Жол бойындағы арнайы гүлсауыттарға отырғызылған қызылды-жасылды гүлдер де Алматының келбетіне ерекше сән беріп, қаланы тамсандауға болмайтын ғажайып көрініске бөлеп тұр. Кемшіліксіз ештеңе болмас. Биыл біраз жасыл желектер мен ағаш көшеттері мезгілінен ерте құрап, алматылықтарды алаңдатықаны рас. Біріміз бұл жайтты сұғару жұмыстарының жүйесіздігінен десек, екінші топ оны зиянкестердің һәм өсімдікке тән аурулардың салдарынан деп топшылады. Сала мамандары бұл кемшіліктерді түзетуге болатынын айтып, күзде ағаш отырғызу жұмыстарын қайта қолға алатынын айтып отыр.

ҚОЛӨНЕР

Жердің де, елдің де көркі



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Халқымыз табиғатты, гүлдердің әсемдігін, сұлулығын эстетикалық тәрбие құралына айналдыра білген. Табиғат сұлулығын қолөнер бұйымдарына бейнелеп, құрақ құрау, кесте тігу, ою-өрнек салу арқылы ұрпаққа табиғатты қорғау қажеттігін үйреткен. Оны біз «көкті жұлма», «бір тал кессен – он тал ек», «гүлді жұлма», «ағашты сындырма» деген тыйым сөздерінен аңғарсақ болады.

Алматы қаласының тұрғыны Күнзада әжей гүлдерді негізге ала отырып, құрақ көрпелер жасайды. «Қиялыма ерік беріп жасаған көрпелерім көптің қызығушылығын тудырады», – дейді ол. Әжейдің айтуынша, қыз баланы ұзатқанда гүлден құралған көрпе сый-

МАМАН ПІКІРІ

Айнұр ЕРНАЗАРОВА,
флорист-маман:

Әр гүлдің күтімі бөлек

Гүл өсіруде тәжірибесі жоқтар алдымен кактус гүлінен бастаған жөн. Себебі, ол ерекше күтімді қажет етпейді, ылғал мен жарыққа да аса мұқтаж емес. Жалпы, әр гүлдің өзіне тән күтімі болады. Алайда, гүл отырғызудан қорқуға болмайды. Мысалы, аулаға бегония, бальзам, астер немесе петунья сияқты жыл сайын гүлдерді отырғызуға болады. Және ашық жерге екі-жылдық қалампыр, түймедақ, қоңыраулар немесе энотеру гүлдерін өсірген дұрыс. Бұл гүлдер тез өседі, бірінші жылы олар байланып, ал екінші жылы гүлдейді. Олардың арамшөбін жұлып тұрсаңыз ғана болғаны. Мариголдтар, календула, касмея немесе алиссумдар күздің аяғы гүлдейді. Бұлар – суыққа төзімді гүлдер. Сондықтан гүлдерді салқыннан қорғай алмаған жағдайда аталған гүлдерді отырғызсаңыз болады. Күннің ыстығында гүлдерді құрап қалудан сақтау үшін жұқа пленкамен жабыңыз. Суару үшін суық суды пайдаланбаңыз, әрқашан жылы сумен нәрлендіріңіз.

Тағы бір айта кететін жағдай, гүлді қоятын бөлмені ережеге сай таңдау керек. Мысалы, жатын бөлмеге мейлінше бөлме гүлін қоймағаныңыз жөн. Көпшілігіміз «гүл – оттегі бөлуші», «ауаны тазартушы» деп жатын бөлмеге гүл өсіріп, қателік жіберіп жатамыз. Жатын бөлмеге кез келген гүлді қою дұрыс емес. Өйткені, гүлдің түнгі уақытта бөлмедегі оттегін өзіне сіңіріп, көмірқышқыл газын бөлуіне байланысты адам ұйқысынан тұрғанда шаршап тұрады немесе ұйқысы қанбайды.



Бұрындары дәл осы қала күнінде «Алматы – гүл қала» фестивалі өтетін. Онда қала тұрғындарын гүл өсірумен айналысуға тартуға бағытталған әртүрлі іс-шаралар жүзеге асырылатын. Сондай-ақ, бұл фестивальде гүлдер жәрмеңкесі, гүлдер көрмесі және гүл өсірумен айналысатын компаниялар арасында байқау ұйымдастырылып, Алматы халқын гүл әлеміне саяхат жасататын.

Биыл Қала күніне орай «Ең үздік аула» байқауы жарияланып, жеңімпазға 5 миллион теңгенің сертификаты беріледі деп күтілуде. Қаланы абаттандыруға бағытталған мұндай шаралардың Алматы үшін маңызы зор.

Қазіргі таңда Алматының барлық ауданы гүлге толы. Егер осы гүлдердің барлығын бір ортаға тоғыстырсақ, қаламыз гүл-кілемге оранған үлкен алып шаһарға айналар еді. Ал мұндай әдемі гүлдестелерді жасау үшін гүл өсірудің жай-жапсарын жақсы білетін мамандардың орны бөлек.



БРИФИНГ

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚОРҒАНЫС ҚАЖЕТ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Елімізде эпидемиал күн санап күрделеніп келеді. Сарапшылардың мәліметінше, аталмыш індетке шалдыққандардың көбі – жүкті әйелдер.

Осы ретте Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы Перинаталдық орталығының гинекологі Әсел Омарқұлова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте жүкті әйелдерде COVID-19 қалай анықталатыны, нәрестелерге КВИ жұқтырмау үшін не жасалатыны туралы айтты. Барлық жүкті әйелдер иммундық тапшылық жағдайына кез болады әрі тәуекел тобына жатады. Біз олардан белгілі қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз: бетперде тағу, қол жуу және адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болу. Ал егер ауырып қалса, өзін-өзі емдеумен айналыспауы керек, себебі, ковидті емдейтін көптеген препараттар жүкті әйелдерге қарсы көрсетілімі бар», – дейді Ә.Омарқұлова.

Гинекологтің айтуынша, вирусты жұқтырған жүкті әйелдер барлық жағдайда ауруханаға жатқызыла бермейді. COVID-19 симптомсыз және жеңіл ағымы бар болашақ аналар амбулаторлық емдеуде қалады. Әдетте, дәрігерлер оларға көп мөлшерде сұйықтық ішуге



кеңес береді. Ал әйелдер өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізеді, температурасын, тамыр соғу жиілігін және тыныс алуын бақылайды. Сондай-ақ, БСМК медициналық қызметкерімен байланыста болады.

«Коронавирус ана сүті арқылы берілмейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қолданыстағы ұсынымдарына сәйкес, анасы вирусты жұқтырып алса босану барысында және баламен қарым-қатынас кезінде індет жұғуы әбден мүмкін. Сол үшін сақтық шараларын сақтап, өз денсаулығына жауапты болуы қажет», – деді Ә.Омарқұлова.

Гинекологтің ұсынысы бойынша жақын арада жүктілікті жоспарлап отырған әйелдер КВИ-ге қарсы вакциналануы қажет. Сонымен қатар, жүктілікті

вакцинаның екінші компонентін алғаннан кейін бір айдан ерте жоспарламаған жөн.

«Егер әйел вакцинаның бірінші дозасын алып, жүкті екенін білсе, мұнда қорқатын ештеңе жоқ. Ол екінші дозаны алу үшін медициналық көмекке жүгінеді. Жүкті әйелдерді вакциналау мәселесі бүгінде әлемде талқыланып, қарастырылуда. Жүктіліктің бірінші тоқсанында егжей-тегжейлі скринингтік зерттеуден, УДЗ-ді 11–13 апта аралығында өту керек», – деді Ә.Омарқұлова. Ол медицинада ана мен ұрықтың өмірін сақтап қалу үшін жүктілік кезінде вакциналау жүргізілуінің де көптеген мысалдары бар екенін еске салды.

Себебі, жүкті әйелдерде де коронавирус инфекцияны жұқтыру қаупі бар. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жүкті әйелдерге коронавируска қарсы вакцина алуды ұсынады. Вакцина ұрыққа ене алмайды және оған вирус жұқпайды, ана сүті де вирустан таза болады», – деді Ә.Омарқұлова.

Сөз соңында спикер бала көтеретін әйелдердің қоғамдық орындарға, дүкендер мен гипермаркеттерге бармағаны жөн екендігін, жүкті әйел COVID-19 коронавирустың инфекциясын жұқтырмауы үшін оның отбасы мен жақындары вакциналануы қажет екенін, сонда ғана ана мен болашақ сәбидің өмірі қауіпсіз болатынын ескертті.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Салғырттыққа салынбайық

Дәл қазір ел ішінде коронавируска қарсы салынып жатқан екпе туралы пікірлер әлі де екіге жарылып тұр. Біріміз қолдасақ, екіншіміз қарсы шығып жатырмыз. Оған әлеуметтік желідегі желдей желіп жүрген әңгімелер де себеп болуда. Бірақ ағайын, жақындарымызды жалмап жатқан сол дертті ауыздықтаудың жалғыз жолы екпе екеніне көз жеткізгеніміз, сол екпені салдырғанымыз жөн-ау. Мен бұл пікірді жақында ғана осы індеттің кесірінен өмірден өткен ерлі-зайыпты жандардан кейін көкейге тоқидым.

Арыстан Жүсіпұлы мен жұбайы Рысбике Мұхамеджанқызы ауылы, жақсы адамдар еді. Менің жолдасым Махамбетқали, Арыстан, Нұрмұрат, Әбдіғали, Самат, Тоқтасын, Ермак, Есен, Ораз – Алматыда бірге оқыдық. Студенттік шағымызды, жастық өмірімізді бірге өткердік. Содан бері, міне, 54 жылға жуықтапты, күні бүгінге дейін араласамыз.

Арыстан – аққұба өңді, сабырлы да салмақты, әзілі өзіне жарасатын жігіттің төресі еді, ал Рысбике (біз Римма дейтін едік) жаны да, өзі де сондай сұлу, адамды жанына тез баурап алатын ашық мінезді болатын. Махаббаты жарасқан олар өмірге алтын асықтай 3 ұл әкелді. Бәрін аяқтандырды. Ұлдары сондай инабатты, тәрбиелі, иманды болып ержетті. Арыстан мен Римма ораза ұстап, бес уақыт намазын қаза етпеген жандар болды.

Биыл Римма 70 жасқа толып, екеуі отау құрғанына 50 жыл толуына орай алтын той жасауды ниет етіп жүр еді... Алдымен Арсен, араға 15 күн салып Римма өмірден озып, қосыла, жараса аққан қос өзеннің ағысы ел ішін кезіп жүрген кезбе дерттің кесірінен кенеттен тоқтады. Дер кезінде елемеген, ескермеген індеттің кесірінен біз асыл жандарымыздан көз жазып қалдық.

Ішім удай ашиды, амалым жоқ. Мына келген дерттің дауасы да табылмай тұр-ау. Дәрігерлер екпе алындар, қауіпті дерттен қорғанудың жалғыз жолы – екпе салдыру, той-томалақты доғара тұрайық десе де құлақ асар емеспіз.

Менің де, қариямның да жасы 70-тің бел ортасында. Екеуіміз де екпе салдырдық. Шүкір, денсаулығымызға тиген кері әсерді байқамадық.

Денсаулығымызды күтейік, ағайын! Екпе салдырып, ата-анамызды, бала-шағамызды, туған-туысымызды, ел-жұртымызды індеттен сақтайық. Бұл – менің сіздерге жолдаған аналық ақ тілегім.

Ұлжан НҮРМАХАНҚЫЗЫ,
зейнеткер.

МОНИТОРИНГ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда мониторинг топ өкілдері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Олар қыркүйектің 9–12 күндері ойын-сауық мекемелері, кафелер, мейрамханалар, караоке, барлар, қоғамдық көліктерге тексеру жұмыстарын жүргізді. COVID-19 індетінің өршіп тұрғанына қарамастан әлі де той тойлаудан, көпшілік жиі бас қосатын орындарда көңіл көтеруден тыйылар емеспіз.

Қыркүйектің 11-і күні кешкі 19.00-ден кейін тексерушілер Жетісу ауданындағы «Данияр» мейрамханасында заң бұзушылықты анықтап, той-тойлаған 40-қа жуық адамды мекемеден шеттеткен. Жыл басынан бері 39 051 нысан тексерілді, карантиндік шараларды бұзған 3708 нысан анықталды. 5847 хаттама жасалды, оның ішінде заңды тұлғаларға 220 165 910 теңге сомасында 628 хаттама, жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Жасөспірімдер денсаулығы назарда



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған 52 жасөспірім жазасын өтеуде. Мекемеде 6 орынға арналған медико-санитарлық бөлім және құрт ауруына арналған оқшаулау орны бар. Мекемеде 11 медицина маманы жұмыс істейді.

Түзеу мекемесінде отырған балалар да, аяғын жаза басқан күнде де қоғамның бір мүшесі, олар да мемлекеттің қамқорлығында, бақылауында. Сотталған балалар арасында коронавирустың инфекциясын болдырмау мақсатында Алматы қаласындағы №5 қалалық емханадан дәрігерлер мен медбикелер келіп, 18 жасқа толған жазасын өтеуші жасөспірімдерге екпе салды.

Тойға тосқауыл

229 655 410 теңге сомасында 5219 хаттама толтырылды. Сонымен қатар, бұл күндері мониторинг топтары 108 автобус пен троллейбуста бетперде режимінің сақталуын тексерді.

Эпидемиологтердің айтуынша, қоғамдық көліктерде коронавирусты жұқтыру мүмкіндігі артып барады. Сол себептен, тексерушілердің жұмысы қоғамдық көліктерде де күшейтілген. Олар жолаушылар мен көлік жүргізушілерінің бетпердені дұрыс тағуын қадағалайды.

Дәл сол күні жүргізілген тексерулер кезінде ҚР ӨҚБТК 1-бөлімінің 425-бабы бойынша қоғамдық көлікте бетперде режимін сақтамағаны үшін 52 жеке және 1 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Екі күн ішінде 222-ден астам автобуста мониторинг жүргізілді. №34, 36, 72, 73, 102, 135, 217, 120, 25, 65, 66, 5, 19, 66, 141, 29, 202, 78, 23, 47, 118, 16, 67, 11 қала бағыттарында бұзушылықтар анықталды. Жалпы, жыл басынан бері 688 автобуста мониторинг жүргізілді, жолаушылар арасында 140 ереже бұзушы анықталды.



ЛА-155/6 мекемесіндегі медициналық-санитарлық бөлім басшысы, терапевт-дәрігер Дильнара Нуридинованың айтуынша, олар түзеу мекемесіне келіп түскен сотталған балаларға тұрақты түрде медициналық көмек көрсетіп, сонымен қатар жылына 4 рет жоспарлы негізде оларды профилактикалық тексеруден өткізіп тұрады.

№5 қалалық емханамен тығыз байланыста жұмыс істеп, профилактикалық тексеру кезінде лор, хирург, невропатолог, терапевт, окулист сынды мамандар арнайы шақыртылады.

ВАКЦИНА

Кімдерге тегін салынады?

Қазір Алматыда тұмауға қарсы вакцина салуға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы, бұл екпе елімізде тұрғындарға жыл сайын салынады.

Тұмау – тыныс алу жолдарының жіті ауруы. Тұмау кезінде бас ауырып, адамның иммунитеті әлсірейді. Салынатын «Гриппол плюс» вакцинасы Ресейде өндірілген.

«Бірінші кезекте, қауіп тобындағы тұрғындарға салынады. Вакциналау басталғанға дейін эпидемиологиялық қызмет емхананың учаскелік қызметімен бірлесіп, ақысыз екпе жасау үшін тәуекел тобының тізімін жасайды. Олар – созылмалы ауруы бар балалар, медицина қызметкерлері, жүкті әйелдер, жабық типтегі мекемелердің медициналық қызметкерлері (балалар үйі, мектеп интернаты, балаларға/мүгедектерге арналған мектеп-интернаттары), қарттар мен мүгедектер үйлерінің контингенті», – дейді Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері.

Екпе салдырар алдында азамат өзінің учаскелік дәрігерінің тексеруінен өтеді, оның инфекциялық ауру жұқтырғандармен байланыста болған-болмағаны жайлы сұрайды. Дене қызуы өлшеніп, ешқандай қарсы көрсеткіштер болмаса, вакцина салынады. Ақылы негізде жеке медициналық ұйымдарда тұмауға қарсы вакцинация жүргізіледі. Ол тұрғындардың өтініші бойынша ерікті түрде жасалады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#ЕКПЕАЛ

«Мен екпе алдым!»

Жанна МЫРЗАҚАСЫМ,
кала тұрғыны:

– Бірінші байлық – денсаулық. Әлемді жайлаған коронавирустың беті әлі де қайтпай тұр. Жақын күндері тіпті өршіп барады. Тұрғындардың жаппай вирус жұқтырмауы үшін мемлекет тарапынан түрлі шаралар қолға алынуда. Алайда, жұқпалы ауруға жаппай қарсы тұру үшін әлі де топтық иммунитет қалыптаспай жатыр. Ғалымдардың айтуынша, топтық иммунитет қалыптастырудың жолы – вакцина алу. Мемлекет халыққа вакцина егу шараларын кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Өз денсаулығын, туған-туысының, айналасындағы адамдардың қамын ойлаған әрбір азамат вакцина алуы қажет деп ойлаймын.



Майя МОЛДАХАНҚЫЗЫ,
мұғалім:

– Жұмысқа жақын жердегі емханаға барып, КВИ-ге қарсы екпенің I компонентін алдым. Екпе алғаннан кейін ұйқым келіп, бойымды әлсіздік биледі. Дәрігердің айтуынша, бұл – қалыпты жағдай. Қысқа мерзімді осындай жайсыздық болады екен. Жиі жылы су ішу керектігін де ескертті. Менің ойымша, вакцина алу-дан қорықпауымыз керек. Біз қорқатын дүние – екпе емес, инфекция. Барлығымыз дерлік екпе алсақ, қалыпты өмірге оралуға мүмкіндік туады. Бүгінде еліміздің барлық өңірінде вакцина жетерлік. Сондықтан баршаңызға шұғыл вакцина салдыруға кеңес беремін.



Әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Елтаңба тарихы

Алматы қаласының елтаңбасы 1992 жылдың мамыр мен тамыз айлары аралығында өткен байқау нәтижесінде таңдалып, Шәкен Ниязбеков жеңімпаз атанған. Оның жасаған жобасы 1993 жылы 6 шілдеде Алма-Ата қаласы халық депутаттары кеңесінің қаулысымен қала елтаңбасы болып бекітілді.

Елтаңбаның алдыңғы қатарында дөңгелек шығыс қалқаны түрінде, барыс аузымен тістеген алма бұтағында 8 алма (алғашқы нұсқасында тек 6 алма болатын) түсіндегі байламды ұстаған барыс бейнеленген. 8 алма қаланың 8 ауданын көрсетіп тұр. Елтаңба сипаттамасында тіршілігіне сенімді барыс алға қарай адымдайды, оның оң табаны алға қарай келесі қадамды жасау үшін көтерілген, алайда, бұл жағдайда барыстың басы артқа бұрылған. Бұл қаланың ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі даму сабақтастығын көрсетеді. Артқы қатарда Алатаудың қарлы шыңдары бейнеленген. Бүкіл Елтаңбаның діңгегі көгілдір түс – Қазақстан Республикасы туының түсі. Шеңбер ешекейлі жолақ ленталармен және шаңырақтың элементтері уықтың ұясымен кескінделген. Алтын түс аясында сақина бойынша қызыл түспен қазақтың ұлттық өрнегі бейнеленген. Өрнек «Алматы» сөзіндегі қаріптермен қабысады. Қаланың Елтаңбасы алтын, қызыл, көк, ақ, қызғылт және күміс түстермен нақышталған.

ОНЛАЙН-ШАРА

Әсемдік те тәрбиелейді



Алматы қаласының ҚАЗ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталған балалар арасында Қала күніне арналған «Әсем қала – Алматы» атты мәдени іс-шара онлайн форматта өтті.

Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шайрайна Құмарова мен оқырмандар залы бөлімінің қызметкері Сымбат Лесбек бірлесіп отырып өткізген бұл шараның мақсаты – жазалы жасөспірімдердің эстетикалық мәдени талғамын арттыру, Алматы қаласының мәдени нысандарымен таныстыру, жалпы қала туралы мәлімет беру, елді, жерді сүйуге, құрметтеуге баулу.

Кітапханашылар мегаполис туралы екі тілде баяндама жасап, жасөспірімдердің қызықты сауалдарына жауап берді. Балалар «Алатаудың жауһары» атты кітап көрмесін тамашалады. Сотталғандар арасындағы әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмысы бөлімі басшысы Алма Бәзілбаева кітапхана қызметкерлеріне жазалы балалардың түзелуіне, көкірек көзін ашуға септігі тиер рухани, мәдени іс-шара үшін мекеме атынан алғыс білдірді.

Нұр ЖАМАЛ.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бүкіл ел экономикасымен қоса, Алматыдағы кәсіпкерлік те өркендеді. Әлбетте, бұрын-соңды мұндай кәсіп жүргізуден тәжірибесі болмаған халық үшін оңайға түскен жоқ. Кәсібін жаңа бастағандар мүлде тансық, жаңа әлемнің табалдырығынан аттады. Оның өз заңдары, өз ережелері бар-тұғын. Кеден, банк, несие, мемлекеттік мекемелермен қарым-қатынас орнату сияқты тың дүниелерге бой үйретуге тура келді. Басын тауға да, тасқа да соға жүріп, кедергіні жеңуге мәжбүр болған кәсіпкер қауымның мол тәжірибе жинақтағаны айқын.

Әкімшілік кедергілер азайды

Алматы – еліміздегі бизнес-бастамалардың көшбасшысы. Кәсіпкерлік қызмет – мемлекет пен халықтың әл-ауқатын арттыру негізі. Сондықтан Үкімет әрмен қарай да рұқсат құжаттарын, әкімшілік кедергілерді азайту бағытындағы жұмысын жалғастыра береді. Осыдан біраз бұрын рұқсат қағаздарының 30 пайызға азайғаны туралы хабарланды, шаруа мұнымен шектелмейді. Өріп-тестік, сенімділік және айқындық қағидасына сүйеніп жұмыс жүргізгенде ғана елдегі кәсіпкерлікті дамыту жайында айтуға болады.

Бүгінде қала экономикасының 45 пайыздан астамын жеке бизнес қалыптастыруда. 10 алматылықтың алтауы шағын және орта бизнеспен айналысады, Қазақстанның әрбір алтыншы кәсіпорны Алматыда ашылған.

190 мың алматылық кәсіпкерлік курсынан өтті

Кәсіпкерлікті дамытып, өз ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау үшін оларды оқыту аса маңызды. Соңғы екі жылда 190 мың алматылық кәсіпкерлік курсынан өтті. Сонымен қатар, пандемия кезінде курстар жұмысын тоқтатқан жоқ, 165 мың адам онлайн-режимінде оқытудан өткен. Курстарда тек теория оқытылып қана қоймай, іс жүзінде бизнесті қалай басқару керектігі де көрсетілген. Курстардың арқасында Алматыда ШОБ саны 3 пайызға артты. Ал жұмыспен қамтылғандар саны 978 мыңнан асты.

«Алматы бизнесті дамыту қаласы болған және болып қала береді. Біз жастарды оқыту практикасын жалғастырамыз, кәсіби бизнес-жаттықтырушылар маркетинг, бухгалтерлік, салықтық есепке алу дағдыларын оқытатын болады. Тәжірибе жинақтай отырып, келесі кезеңде кәсіпкерлер жаңа деңгейге шығып, «Акселерация» жобасына қатыса алады, – дейді қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин.

Айта кетейік, 2021 жылы «Акселерация» жобасымен 1000-нан астам адамды қамту жоспарланып отыр. Сауда, тамақ өнеркәсібі, тігін өндірісі, мейрамхана бизнесі, қонақүй бизнесі, білім беру курстары, маркетинг және IT-саласы сияқты бағыттар бойынша түрлі курстардан өтуге болады.

Шағын бизнесті қолдауға қыруар қаражат бөлінді

Елбасы да, Мемлекет басшысы да кәсіпкерлікті қолдау қажеттігін үнемі айтып келеді. Президентіміздің бастамасымен бизнес-ахуалды жақсартуға арналған заңнамалық және өзге де шаралар жүзеге асырылды. Тек соңғы жылдары ғана 123 нормативтік-құқықтық акті қабылданды. Қала билігі де өз тарапынан Алматыда қосымша шараларды қолға алып келеді. Өткен жылдары әкімшілік жанынан Іскерлік кеңес құрылды. Кәсіпкерлік ұйымдармен бірлесіп, әкімшілік кедергілерді азайту, жеке кәсіпкерлер мен жұмысын патент арқылы жүргізетіндер үшін жылына екі ретке дейін салық есебін азайту сияқты шаралар жүзеге асырылды.

Пандемия, экономикалық дағдарыс кезін-



де үкімет тарапынан шағын және орта бизнесті қолдауға қыруар қаражат бөлінді. Оның басым көпшілігі оңтүстік астанаға жіберілді. Бұл қаладағы көптеген кәсіпорынның құрдымға кетпей, өз жұмысын жалғастыруына, жұмысшылардың айлығын уақытында төлеуіне жағдай жасады.

Жеңілдетілген несиелер берілді

Тек өткен жылдың өзінде Алматыда бизнеске қаржылай қолдау көрсету үшін 12,2 млрд. теңге бөлінді. Алматы үшін шағын және орта бизнестің өте маңызды екенін ескере отырып, қала әкімдігі осы секторға жан-жақты қолдау көрсетуде және экономиканы қалпына келтіру үшін дағдарысқа қарсы барлық қажетті шараларды, оның ішінде «Almaty Business-2025» аймақтық кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын қабылдады. Аталмыш бағдарлама бизнеспен жұмыс жасаудың бес негізгі институционалды бағытын қамтыды. Оның құрамына Qolday кәсіпкерлік орталығын, несие беру үшін жеке және микроқаржы институттарын құру, Алматы қаласы аумағында өндірістік парктерді ұйымдастыру, кейбір кәсіпкерлерге жеке әрі шағын өндірістерін ұйымдастырулары үшін жеңілдетілген несие беру ұсынылды.

Пандемияға әрі жылдың күрделі болғандығына қарамастан несиелеуді кеңейту, инфрақұрылымды дамыту, өндірісті, кәсіпкерлікті қолдау және жұмыс орындарын сақтау шараларының Алматы экономикасына оң әсер еткенін атап өткен жөн.

Мәселен, Qolday кәсіпкерлік орталығы 2020 жылы істерін жаңадан бастағандарға, жалпы кәсіпкерлерге 90 мыңға жуық кеңес берді. Бүгінгі күні жалпы сомасы 42 миллиард теңгені құрайтын 52 жоба бойынша кеңестер берілді. «Бір терезе» қағидаты бойынша 500-ден астам рұқсат құжаттары ұсынылды. Орталықта ШОБ өкілдеріне өз бизнесін дамытуға қатысты түрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардан рұқсат құжаттарын алу үшін тегін қолдау көрсетіледі, сонымен қатар, түрлі қаржы институттарында қаржыны жеңілдікпен алуларына көмектесті.

«Біз орын алған кемшіліктерді жойып, істерін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге 5 миллионға дейінгі көлемде гранттар бердік, олар грант алғаннан кейінгі алғашқы кезеңде өз бизнесітерін тегін жүргізе алады. Екінші кезеңде бизнес-жоспарларды әзірлеу бойынша әрі заңгерлік және бухгалтерлік кеңестер көрсетіледі. Егер екінші кезеңде өз

бизнесітерін дұрыс жүргізіп, оны кеңейтуді қаласа, онда олар біздің шағын қаржы институттарымызға жүгініп, 6 пайыздық мөлшерлемесмен жеңілдетілген несие алуларына болады», – деді Е.Оразалин.

Өндірістік парктер де ойдағыдай жұмыс істей бастады

Жоғарыда айтқандай, бизнеске қаржылай қолдау көрсетуге 12,2 млрд. теңге бөлінді. Қаржыландыруды «Almaty Finance» несиелік ұйымы және «Алматы» МҚҰ жүзеге асырады. «Almaty Finance» 500 миллион теңгеге дейін ірі және орта жобаларға несие беруді қарастырады.

Жалпы алғанда 40-тан астам жобаға несие берілді. Айта кетерлігі, бұл институттар пандемия кезінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді тұрақтандыру процестеріне де қатысты. Мысалы, осы қаржы институттары тарапынан бөлінген 12,2 млрд. теңгенің 4 миллиарды Алматы қаласындағы ірі дистрибьютерлік компанияларға, медициналық заттар мен дәрі-дәрмектерді жеткізушілерге берілді. Осы орайда Тұрақтандыру қорын ұйымдастыру идеясы туындады. Тіпті, оны еліміздің өзге өңірлері де іліп әкетіп, ұтымды пайдалана бастады. Қаржының қалған бөлігі – 60 пайызға жуығы өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобаларға жұмсалды.

Өндірістік парктерді ұйымдастыру тетігі де ойдағыдай жұмыс істей бастады. Осы орайда, қалалық әкімдік ірі бизнеске бос ғимараттар мен құрылыстарды қалпына келтіруге немесе жаңа орын салуы үшін 6 пайызбен жеңілдетілген несие берді.

«Мұнда осы жобаларға қосымша ретінде өндірістік парктер резиденттерінің жылына 2 пайыздық мөлшерлемесмен несие беру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл – ҚР баламасы жоқ акция. Біз бүгінгі күні осындай үш жобаның ойдағыдай жұмыс жасап жатқанын мақтанышпен айта аламыз. Үш жоба толығымен жабдықталған, істерін жаңа бастаған кәсіпкерлер осы өндірістік орындарды жалға алды. Бұлардан өзге, біз Индустриялық аймақта осыған ұқсас өндірістік парктерді құру үшін жалпы алаңы 40 мың шаршы метр болатын 4 жер учаскелерін қосымша бөлдідік. Барлық құжаттама, ережелер әзірленді және қабылданды. Бүгінгі күні Индустриялық аймақтағы 4 өндіріс паркіне әлеуеті жоғары қатысушылардан 50 астам өтініш келіп түсті», – деді Е.Оразалин.

P.S.:

Қалай десек те, әлемдік пандемияға, дағдарысқа қарамастан Алматының экономикасы қарыштап дамып келеді. Құрылыс та, шағын және орта бизнес те Алматының дамуына қомақты үлес қосуда. Сарапшылардың мәліметіне қарасак, шағын және орта бизнес жүрісін әлі баяулатқан жоқ, керісінше, өрге көтеріліп барады. Қазір банк атаулының сенімді заемшысы, жеңіске деген ерік-жігері ең күштісі де – осылар. Қазір Алматыда кәсіпкерліктің 70 пайызын сауда құрайды дейтіндер де табылады. Бірақ ол – алғашқы табалдырық. Бүгін сауда болса, ертең ол сервис, қызмет көрсетуге ұласады. Қызмет көрсету импортты алмастыру және өндіріске әкеледі. Өндірістен инновацияға жол тартады. Сондықтан қалада болсын, далада болсын, бүкіл ел аумағындағы бизнес саланы осылайша жоспарлау қажет секілді.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 3 айға – 1801,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 3 айға – 4861,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

«Бозторғай» мәреге жетті



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Алматыда халықаралық «Бозторғай» балалар шығармашылық байқауы өтті. «Алатау» дәстүрлі өнер театрында онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылған сайысқа еліміздің әр өңірінен жас дарындар қатысты. Сондай-ақ, шет мемлекеттердің, соның ішінде Болгария, Чехия, Италия, Португалия мен Испанияның таланттары да өз өнерлерін таспаға жазып жолдап, бағын сынады.

Құлақтан кіріп, бойды алған халық әндері мен әсем күйлерді орындаған жас өрендер өз өнерлерімен көпшілікті тәтті етті. Байқауға Рамазан Стамғазиев, Лаки Кесоглу секілді еліміздің танымал тұлғалары қазылық етіп, 60-тан аса әнші, 20-дан аса дәстүрлі орындаушылар мен 16 би тобының өнеріне баға берді.

«Байқаудың ерекшелігі – жас-тарды үлкен сахнаға дайындау. Талантты балаларға жер көрсету, дүниенің төрт бұрышында үлкен сахнаға шығару. Қысқасы, таланттың жолын ашу», – дейді ҚР мәдениет қайраткері Рамазан Стамғазиев.

Жалпы, дүбірлі дода 15 қыркүйекте басталған. Сайыс кеше өз мәресіне жетіп, жүзден жүйрік жеңімпаздар анықталды. Байқауға 300-ден аса бала қатысты.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Қазлегпром-Алматы» ме-кемесіне:

- тігінші – 170 адам;
 - аяккіім өндірісіне – 100 адам керек.
- Тел.: 331-12-13.
Арғымақ көшесі, 15-үй.

«Алеко сервис» ЖШС-ға:

- диспетчер;
- менеджердің ассистенті;
- call-center операторы қа-жет.

Тел.: 8 707 221 21 61.
Ратушный көшесі, 70 А.

«Лидер Каз Трейд» ЖШС-ға:

- сауда өкілдері;
 - есепші;
 - жүк тиеушілер керек.
- Тел.: 8 747 626 42 99.

«Темірбетон-1» ЖШС-ға:

- слесарьлар;
- электромонтер;
- электрмен дәнекерлеуші-лер;

– ЗИЛ-ге жүргізушілер;
– арматурашылар;
– қалыптаушылар;
– көлік механигі қажет.
Тел.: 8 701 721 36 01, 297-48-88.
Бөкейханов көшесі, 11-үй.

«ЕнбекТАС» ЖШС-ға:

- есепші;
 - персонал жөніндегі менед-жер;
 - инженер-электрик керек.
- Тел.: 8 747 753 40 45.

«Central Asia Medical industries» ЖШС-ға:

- оптик-кеңесшілер;
 - көтерме сату бойынша менед-жер;
 - ІС білімі бар қоймашы керек.
- Тел.: 8 705 984 01 99.

«Искер-Т» ЖШС-ға:

- ШАХМАН-ға жүргізушілер;
 - эксковаторшылар;
 - «Газельге» жүргізушілер;
 - бульдозер машинисі;
 - грейдерист;
 - автокрановщик керек.
- Тел.: 8 775 718 23 32.

Алматы қаласының Статистика департаментіне:

- халық санағы бойынша ке-несшілер керек.
- Тел.: 8 777 836 35 26, 375-21-88.
Абай даңғылы, 125-үй.

«Жедел-Күзет» ЖШС-ға:

- клиенттермен жұмыс жөнін-дегі менеджер;
 - сервис орталығының опера-торы керек.
- Тел.: 8 707 635 02 06.
Әуезов көшесі, 50-үй.

«Медеу Парк 2020» ТК-ға:

- күзетшілер қажет.
- Тел.: 8 707 331 68 91.
Бегалин көшесі, 7-үй (Төле би көшесінің қиылысы).

«City-Bus» ЖШС-ға:

- есепші керек.
- Тел.: 8 771 228 20 10.

«Кемал» ш/а., Ақсуат көшесі, 42/2.

«Магнум» ЖШС-ға:

- қоймаға жұмысшы;
 - кондитер – 20 адам;
 - күзетші – 50 адам керек.
- Тел.: 8 705 749 19 91.

«АБ Аскер» ЖШС-ға:

- күзетші – 5 адам керек.
- Тел.: 341-03-36.
Панфилов көшесі, 98-үй.

«Комета» ЖШС-ға:

- құю желісіне оператор;
 - жүк тиеушілер қажет.
- Тел.: 8 701 027 24 04.
Наманганский көшесі, 43-үй.

«ПОЛИГРАФКОМБИНАТ» ЖШС-ға:

- токарь, фрезеровщик;
- газэлектрмен дәнекерлеуші;
- полиграфиялық жабдықты баптаушы;
- сылақшы-сырлаушы;
- корректор;
- шебер (формцех пен баспа цехына);

- офсеттік баспа баспашысы;
 - автокөлік жүргізушісі;
 - қосалқы жұмысшылар;
 - жүк тиеушілер қажет.
- Тел.: 386-26-24,
8 777 201 01 56.
Мақатаев көшесі, 41-үй.

**СӘТТІЛІК
СЕРІГІҢІЗ
БОЛСЫН!**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-ның Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



kazinform
CORONAVIRUS2020.KZ

ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ БАР МА?

- 18+** 18 ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАР
- ЖҮКТІ ЖӘНЕ БАЛА ЕМІЗЕТІН ӘЙЕЛДЕР
- ЕКПЕГЕ ДЕЙІН 2 АПТАНЫҢ ІШІНДЕ ЖӘНЕ ВАКЦИНАЦИЯ КЕЗІНДЕ ЖРВИ-МЕН АУЫРУ
- ДЕНЕ ҚЫЗУЫ 37°C-ТАН ЖОҒАРЫ БОЛСА
- ЖІТІ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АУРУЛАР
- СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ ЖӘНЕ АЛЛЕРГИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ АСҚЫНУЫ
- ДӘРІГЕРДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУІНЕН ӨТПЕУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРДІҢ БОЛУЫ

© «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ» 2021 ЖЫЛ WWW.KAZINFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © Дия Савинова Ж.

ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?

Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы еске салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейту және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

kazinform CORONA VIRUS2020.KZ

© «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ» 2021 ЖЫЛ

БӘРЕКЕЛДІ!

Жүлделі өрендер



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кеше Шығыс Қазақстан облысы, Винное ауылында атпен мәнерлеп жүруден ҚР паралимпиадалық чемпионаты өтті.

Аталған чемпионатқа оңтүстік астана намысын қорғауға алматылық үш бала қатысып, үшеуі де жүлдемен оралды. Атап айтсақ, Тимур Айтпаев алтын, Мадияр Құныпия күміс, Всеволод Дзвоник қола медаль алды. Тимур Айтпаев пен Мадияр Құныпия жасы ең кіші санат бойынша, ал Всеволод Дзвоник 14 жас-тан жоғары балалармен қатысты. Жаттықтырушылары – Елена Сосновская.

Чемпионатты ҚР Ұлттық паралимпиадалық комитеті, «АқТай» мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау қоры ұйымдастырды. Елімізде жыл сайын өтетін чемпионат пандемияға байланысты былтыр өтпей, араға жыл салып биыл жалғасын тапты.

Сайыста Шығыс Қазақстан облысы, Алматы қаласы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Ақтөбе және Қарағанды қалаларынан барлығы 22 үміткер бақ сынады.

АЛМАТЫ ӨНЕРТАПҚЫШТАРЫ

Ұшқыр ұшақ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматылық өнертапқыш пилотсыз ұшатын аппарат жасады. Жаңа рекордқа қол жеткізген зерттеуші Сәтбаев университетінде ұстаздық қызметпен қатар түрлі жобалармен айналысады.

Өнертапқыштың тәлтуындысы жанар-жағармайды қажет етпейді. Ұшақ күн сәулесінің қуатымен қалықтайды. Жастайынан электроникаға жаны құмар Алексей Оксененко бұған дейін 100 шақты ұшақ құрастырды. Ал соңғы жасаған моделі білікті мамандардың өзін таңқалдырған. 10 сағаттан аса әуеде қалықтаған пилотсыз аппарат 570 шақырымды қонбай бағындырған. «Біз үшін бұл өте қуанышты жаңалық болды. Осы аэродромда Алексей пилотсыз ұшу аппаратының ұзындығы және әуедегі уақыты бойынша Қазақстандағы бірінші рекордты орнатқан еді», – деді «Отан» ҚБ аэроклубының жетекшісі Юрий Ельцов.

Күн сәулесімен қозғалатын аппараттың осы сияқты отандық құрылғылар арасында баламасы жоқ. Өнертапқыш болса, техниканы жаңартып, әлемдік рекорд орнатуға ынта-



лы екенін айтады. «Біз қазір еліміздің ауыл-шаруашылығынан бастап әскери қажеттілігіне дейін жарайтын ұшу аппараттарын құрастырып жатырмыз. Ал мына ұшақ нысандарға, жолдарға, құбыр және электр желілеріне бақылау жүргізуге арналған», – деді Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ зертханасының қызметкері Алексей Оксененко.

Мұндай техника, әсіресе, жолы нашар, шалғайдағы ауылдарға пошта немесе бандероль жеткізуге ыңғайлы. Барын салса, жылдамдығы 170 шақырымға дейін жетеді. Ал жұмсалатын шығын шамалы. Жанармай керек емес, күн жарқырап тұрса болды. Қаңқасына орнатылған элементтер ұшаққа жарты күн бойы қалықтауға мүмкіндік береді.

Қазақтілді робот



Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Талай таланттың басын қосқан, небір дүлдүлдерді әлемге танытқан, буырқанған өмірдің бел ортасында орын тепкен, Алматының өнертапқыш студенті қазақша сөйлейтін робот жасады.

Жанғали Мақсұтов есімді ізденімпаз жігіт темірге тіл бітіру үшін 4 жыл еңбектенген. Жанғалидың робот жасауға деген қызығушылығы 7-сыныпта ояна бастайды. Бұған

дейін 4 робот құрастырды. Ал «Тайрант-5»-тің ерекшелігі – қазақ тілінде сөйлеп, сұрақтарға жауап бере алады. Жас инженер робот жасаудың әліппесін интернеттен оқып, үйренген. Бірақ темірге қалай тіл бітіру керек екенін өзгелер құпия ұстайды.

– Мен робот жасаудың әдісін тауып, өзім үйде тәжірибе жасадым. Мысалы, осы роботты сөйлету үшін 5–10 рет тәжірибе жасалынды. Алғашқы тәжірибеде робот дұрыс сөйлей алмады. Екіншісінде дыбысы дұрыс шықпады. Үшіншісінде сымдар дұрыс байланыспай қалды. Сөйтіп, көптеген тәжірибелердің арқасында осы соңғысы сапалы әрі сәтті шықты», – дейді өнертапқыш.

Роботтың алғашқы сызбасы мен нобайы 4 жыл бұрын сызылған. Биыл корпусы жасалып, бағдарламасы орнатылған. Темірге тіл бітіріп, қозғалысқа келтіру үшін 130 мың теңге қаржы жұмсалыпты. «Алдағы уақытта осындай роботтардың басқа түрлерін жасап, бізде ауыл шаруашылығында, медицинада, өндірісте қызмет ететін темір роботтарды қолданысқа шығарғым келеді», – дейді жас өрен.